# 15 наурыз - РЕФЕРЕНДУМ! Сіздің дауысыңыз маңызды!


# Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

Газет 2000 жылдан шыға бастады

№ 7 (1270)

20.02.2026



alatau.offset@mail.ru
alatau_gazeti
alatau_gazeti


ӨЗЕКТІ

## 28 АҚПАН - ҚОЛДАНЫЛАТЫН САЛЫҚ САЛУ РЕЖИМІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА БЕРУДІҢ СОҢҒЫ КҮНІ

**ҚҰРМЕТТІ КӘСІПКЕРЛЕР! 2026 ЖЫЛҒЫ 28 АҚПАН – ҚОЛДАНЫЛАТЫН САЛЫҚ САЛУ РЕЖИМІ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА БЕРУДІҢ СОҢҒЫ КҮНІ. ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ БЕЛГІЛЕНГЕН САЛЫҚ САЛУ РЕЖИМІНЕ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ АУЫСПАУ ҮШІН ХАБАРЛАМА ЖІБЕРУДІ КЕШІКТІРМЕҢІЗДЕР. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАҢА САЛЫҚ КОДЕКСІНЕ СӘЙКЕС ҮШ АРНАЙЫ САЛЫҚ РЕЖИМІ КӨЗДЕЛГЕН: ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАНДАР ҮШІН, ОҢАЙЛАТЫЛҒАН ДЕКЛАРАЦИЯ НЕГІЗІНДЕ ЖӘНЕ ШАРУА ЖӘНЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҚТАРЫ ҮШІН.**




Оңайлатылған декларация негізінде АСР қолдануды жоспарлап отырған салық төлеушілер 2026 жылғы 28 ақпаннан кешіктірмей қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама ұсынуы қажет.

Маңызды! Егер көрсетілген мерзімде хабарлама ұсынылмаса, салық төлеушілер қолданылу мерзімі 2026 жылғы 1 қаңтардан басталатын жалпыға бірдей белгіленген салық салу тәртібіне ауыстырылады.

Хабарлама беру тәсілдері:

- салық төлеушінің кабинеті арқылы (СӘАЖ АЖ «Құжаттарды тапсыру» бөлімінде – «Қолданылатын салық салу режимі туралы хабарлама»);
- «e-Salyq Business» мобильді қосымшасы арқылы («Сервис» – «ЖК салық режимін өзгерту»);
- орналасқан жері бойынша МКБ - да (қағаз жеткізгіште);
- екінші деңгейдегі банктердің қосымшалары арқылы («Мемлекеттік қызметтер» бөлімінде – «ЖК деректемелері мен салық режимін өзгерту»).

# БАЙҚАУ

## «ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ»

«Алатау» газеті штаттан тыс тілшілер арасында 1941-1945 жылдардағы соғыс майданындағы жауынгерлер есімін есте сақтау мақсатында байқау жариялайды. Олардың ерліктері арқасында бейбіт өмірге жеткенімізді жас ұрпаққа баяндап отыру – міндетіміз. Естеліктер осы байқау жарияланған күннен бастап 9 мамыр Жеңіс күніне дейін қабылданады. Көлемі А-4 пен 2 беттен аспауы тиіс. Жеңімпазға сыйлық редакция алқасының шешімімен беріледі.



### БОЛАШАҚ ЖУРНАЛИСТЕР НАЗАРЫНА!

Сіздерден Ұлы Отан соғысы жылдарында майдандағы жауынгерлер ерлігін газет беттерінде жариялап, ерлігін елге танытқан қазақстандық әскери тілшілер мен фото тілшілер туралы жарияланымдар күтеміз. Ізденістеріңіз «Алатау» газетінде 26 маусымға дейін жарияланады. Үздік мақалаға бас редактордың жүлдесі бар.

Жарияланған мақалалар ТМД елдері құрған «Отанға тарту – Подарок Родине» чатында жарияланады. Чаттың әкімшісі елімізге танымал ғалым-тарихшы, журналист, Қазақ Ұлттық университетінің белсенді профессоры Ләйлә Ахметова.

***Байланыс телефоны:*** **8 776 970 0718**

***Э/пошта:*** **alatau.offset@mail.ru**

# БАСПАСӨЗ - 2026

| *Жазылу бағасы:* | *Цена подписки:* |
|---|---|
| редакция арқылы<br>**1 жылға – 4 212 теңге.** | через редакцию<br>**на год – 4 212 тенге.** |
| «Қазпошта» арқылы жеке тұлғаларға<br>**1 жылға – 6 550,96 теңге.** | через «Казпочту» для физических лиц<br>**на год – 6 550,96 тенге.** |
| «Қазпошта» арқылы заңды тұлғаларға<br>**1 жылға – 8 925,28 теңге.** | через «Казпочту» для юридических лиц<br>**на год – 8 925,28 тенге.** |




Жетісу облысы бойынша жазылу индексі: **15534** Подписной индекс для других регионов РК: **65534**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

## ОРТАША ЗЕЙНЕТАҚЫ 14 700 ТЕҢГЕГЕ ӨСТІ

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мәліметінше, 2026 жылғы 1 ақпанда еліміздегі орташа зейнетақы мөлшері 157 843 теңгені құрады. Бір ай бұрын бұл көрсеткіш 143 143 теңге болған. Осылайша өсім 14 700 теңгені құрады.

Қаңтар айында зейнетақы төлемдеріне республикалық бюджеттен 395,2 млн теңге бөлініп, 2 млн 538 мың зейнеткер қамтылды.

Зейнетақы көлемі еңбек өтіліне, табыс деңгейіне және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры жинақтарына байланысты есептеледі.

## «МЕТАКОН» ЖШС ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Талдықорған қаласында Жаңа Конституция жобасының негізгі бағыттарын түсіндіру мақсатында «Метакон» ЖШС қызметкерлерімен кездесу өтті. Іс-шараға өңірлік коалиция филиалының мүшелері Римма Салыкова мен Қайрат Кереев қатысып, жобадағы маңызды өзгерістер, азаматтардың құқықтары және мемлекет-қоғам қатынастарындағы жаңалықтар туралы жан-жақты ақпарат берді.

Кездесуге Жалпыұлттық коалиция мүшесі, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Руслан Қожасбаев қатысып, қызметкерлермен ашық диалог ұйымдастырды. Қатысушылар реформаларға қатысты өз сұрақтарын қойып, пікір алмасты.

«Ата Заң – мемлекеттің стратегиялық бағытын айқындайтын басты құжат. Қазіргі кезеңдегі өзгерістер заманауи талаптарға сай жүзеге асырылып жатыр» — дейді ол Руслан Қожасбаев.

Өндіріс қызметкерлері пікір алмасуға белсенді қатысып, сұрақтарын қойды. Қоғамға мәнді шешімдерге қатысты көзқарастар ашық түрде талқыланды.

## 16 ОТБАСЫ ҚОНЫС ТОЙЫН ТОЙЛАДЫ

Талдықорғанда тұрғын үй кезегінде тұрған әлеуметтік осал санаттағы 16 отбасыға екі және үш бөлмелі жаңа баспаналар табысталды. Пәтер кілттерін қала әкімі Ернат Бәзіл салтанатты түрде тапсырды.

Жаңа баспана қаланың «Жастар-3» тұрғын үй алабынан, «Шығыс» шағын ауданынан және Қ. Жалайыри даңғылы бойынан берілді. Пәтерлердің 8-ы екі бөлмелі, 7-еуі үш бөлмелі.

## ТАЛДЫҚОРҒАН КІТАПХАНАЛАРЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ҮЗДІГІ АТАНДЫ

В. Маяковский атындағы Талдықорған қаласының орталықтандырылған кітапханалар жүйесі Жетісу облысы бойынша «Жылдың үздік кітапханасы» атанды. Мұндай жоғары марапат 2025 жылғы облыстық рейтинг қорытындылары негізінде табысталды. Байқауды Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы ұйымдастырды.

Үздік атану – кітапханалар жүйесіндегі жоспарлы жұмыстың, кәсіби басқарудың және заманауи жаңашылдықты тиімді енгізудің нақты нәтижесі. Бүгінде Талдықорған қаласында 9 кітапхана тұрғындарға тұрақты қызмет көрсетіп келеді. Кітап қоры толықтай «Web-РАБИС» автоматтандырылған бағдарламасына енгізіліп, оқырмандарға қызмет көрсету сапасы жаңа деңгейге көтерілді.

Жыл басынан бері кітапханалар сегіз байқауға қатысып, екі мәдени іс-шараны өздері ұйымдастырған. Әдеби кештер, кітап көрмелері мен шығармашылық кездесулер оқырмандардың қызығушылығын арттырып, рухани өмірдің жандануына серпін берді.

## ТӨРТІНШІ МӘРТЕ ҮЗДІК АТАНДЫ

Өтенай ауылдық мәдениет үйі 2025 жылғы Жетісу облысының аудан-қалалары арасындағы рейтинг қорытындылары бойынша қатарынан төртінші рет I орын иеленді. Бұл – мекеме жұмысының тиімді әрі жүйелі ұйымдастырылғанының нақты дәлелі.

Мәдениет үйінің құрамында 5 мекеме (Өтенай, Еңбек, Мойнақ ауылдық мәдениет үйлері және «Нашар еститін», «Нашар көретін» клубтары) жұмыс істейді. 93 штаттық бірлік халыққа тұрақты қызмет көрсетуде.

Бүгінде мұнда «Халықтық», «Үлгілі» атағы бар 21 өнер ұжымы бар. Жалпы 46 үйірмеге 763 адам қатысады. Ауылдық жерлерде 30 үйірме жұмыс істеп, 611 адам қамтылған. 23 балалар үйірмесіне 546 бала тартылған.

2025 жылы 600-ге жуық өнерпаз 28 байқауға қатысып (22 халықаралық, 5 республикалық, 3 облыстық), нәтижесінде 21 ұжым Гран-при, 7 ұжым I орын, 2 ұжым II орын иеленді.

Төрт жыл қатарынан үздік атану – мәдениет үйінің жоғары нәтижелі әрі сапалы жұмысын айқындайды.

## КӨРКЕМ ГИМНАСТИКА ЗАЛЫ ҚОЛДАНЫСҚА БЕРІЛДІ

Талдықорған қаласында Жетісу өңіріндегі заманауи талапқа сай алғашқы көркем гимнастика залы қолданысқа берілді. Залдың ашылу қуанышымен спортшылар мен қала тұрғындарын облыс әкімі Бейбіт Исабаев құттықтады.

Салтанатты лента қию рәсімінен кейін қонақтар жаңа спорт нысанының ішін аралап, жабдықталуымен танысты. Жас спортшылармен әңгімелескен өңір басшысы көркем гимнастиканы дамытуға облыста бүгінгі күні барлық жағдай жасалып отырғанын айтып, болашақта еліміздің атын шығаратын мықты чемпион болу үшін жақсылы еңбектеніп, үздіксіз жаттығу керектігін айтты. Мұнан соң спорт қайраткерлерімен бірге балаларға гимнастика құрал-жабдықтары, сол сияқты спорттың басқа да түрлеріне арналған инвентарьлар табыс етті.

Атап өтсек, ғимараттың құрылысы өткен жылдың ақпан айында басталған болатын. Мұнда екі зал бар, оның бірі гимнастика жаттығуларына арналса, екіншісі волейбол, баскетбол, мини футбол ойындарын өткізуге болатын әмбебап зал.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

# 8,5 МЫҢ ЖҰМЫС ОРНЫН АШАТЫН 93 ЖОБАЛЫ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛЬ ҚАЛЫПТАСТЫРЫЛДЫ



***Жетісу облысында экономиканы әртараптандыру аясында 2028 жылға дейін 8,5 мың жұмыс орнын құратын, жалпы құны 2,4 трлн теңгелік 93 жобадан тұратын инвестициялық портфель қалыптастырылды. Оның 19-ы өңдеу өнеркәсібі саласында іске асырылмақшы, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.***

Облыстық кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму басқармасының мәліметіне қарағанда, жыл соңына дейін Текелі қаласында жылына 20 000 тн арматура шығаратын «Steelers» ЖШС зауыты, «Қорғас - шығыс қақпасы» АЭА «Empire Manufacturing Kazakhstan» ЖШС-ның қуаты 600 контейнер дайын өнім шығаруға жететін пакеттелген кофе және шай өндіретін зауыты іске қосылып, аталған арнайы экономикалық аймақта «Standart steel KZ» ЖШС металлургиялық кешені жаңғыртудың 3-кезеңі іске асырылады. Сол сияқты «Текелі энергетикалық кешені» ЖШС модернизациядан өткізіліп, кеңейтіліп, бу-газ қондырғысы салынады, ал Талдықорған қаласында «Басқуат ЭнергоПром» ЖШС газотурбиналық станциясының 2-кезеңі аяқталады деп күтілуде.

Агроөнеркәсіптік кешен саласына келсек, су үнемдеу технологияларын қолдану және ирригациялық желілерді қалпына келтіру жолымен суармалы алқаптарды ұлғайту жұмысы жалғасуда. Шикізатты терең өңдеу қуатын арттыру аясында инвесторлармен бірлесіп, Ақсу, Көксу қант зауыттарын жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Жаңғырту нәтижесінде әр зауыттың қуатын 500 мың тоннаға дейін арттыру жоспарланған. Жалпы, агроөнеркәсіп кешені саласындағы инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі жол картасы шеңберінде 2026-2028 жылдарға арналған 17 жобаны іске асыру жоспарланған.

# «ХАЛЫҚТЫҚ» АТАҚ БЕРІЛДІ



***Көксу ауданынан 30 әжеден құрылған «Ақ кимешек» әжелер ансамблі бүгінгі күні облыс орталығында өткен алқа мәжілісінің соңында, Мәдениет министрінің бұйрығымен «ХАЛЫҚТЫҚ» ұжым атағына ие болды.***

Жетісу облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшы-сы Сулейменов Қуаныш Сұлтанұлы ансамбль жетекшісі Мұраталинова Бақтыбала Рахметолдақызына атақты салтанатты түрде табыстады.

2025 жылы облыс бойынша 32 ұжым «халықтық, үлгілі» ұжымдар атағына құжаттар тапсырған. Жылдың аяғында 14 ұжым комиссия қаралымына шақыртылды. Барлық алыс, жақын ауданнан қатысқан ұжымдар «Халықтық» атаққа ие болды. Мәнді, сәнді, тәрбиелі әуезге толы өндеріңіз таусылмасын. Шырқай берсін Көксулық әжелер!

**Сембек ӘБДІ-РАХМАН**

# ҚҰТҚАРУШЫЛАР САҚ БОЛУҒА ШАҚЫРАДЫ




***Жетісу облысында жұқа мұздағы қауіпсіздік мәселесіне арналған баспасөз мәслихаты өтті. Шара Жетісу облысы аумағындағы су айдындарында қауіптің алдын алу мақсатында ұйымдастырылды.***

Жиында Жетісу облысы ТЖД Төтенше жағдайларды жою басқармасы бастығының міндетін атқарушы Сағади Асхатұлы және Қаратал балық инспекциясы бөлімінің бас маманы Біржан Мұратұлы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мамандардың айтуынша, ауа райының құбылмалы болуына байланысты көлдер мен өзендердегі мұз қабаты тұрақсыз әрі қауіпті күйде қалып отыр.

Құтқарушылар өңірде рейдтер өткізіп, ескерту белгілерін орнатып, халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Сонымен қатар оқу орындарында профилактикалық әңгімелер ұйымдастырылып, ақпараттық материалдар таратылуда.

Ведомство азаматтарды жұқа мұзға шықпауға, балаларды қараусыз қалдырмауға және төтенше жағдай туындаған жағдайда 112 нөміріне хабарласуға шақырады. Алдын алу шаралары мұз толық ерігенге дейін жалғасады.

**Дария ТАСҚЫНҚЫЗЫ,**
**Жу студенті**

# БАЛАСЫНА ҚОЛ КӨТЕРГЕН АНА МӘЖБҮРЛІ ЕМДЕУГЕ ЖІБЕРІЛДІ



***Жаркент қаласында төрт жастағы балаға қатыгездік көрсетті деп айыпталған әйелге қатысты сот үкімі шықты, деп хабарлайды Kazinform агенттігі.***

Панфилов ауданы сотының мәліметінше, оқиға 2026 жылғы 18 қаңтарда болған. Төрт жастағы бала жуынатын бөлмеде суды ашық қалдырып кеткендіктен, бөлмені су басқан. Осыдан кейін анасы баланы батареяға байлап, денесінің әр жерінен бірнеше рет соққы жасаған.

Оқиға бейнежазбаға түсіп қалған. Баланың әкесі оны дереу ауруханаға жеткізген. Дәрігерлер баланың басы мен арқасынан соққы іздері мен теріасты гематомаларын анықтаған.

Тергеу барысында бейнежазба, куәгерлердің айғақтары және сот-психиатриялық сараптама қорытындысы зерттелді. Сараптама нәтижесіне сәйкес, әйел туа біткен ақыл-ой кемістігінен зардап шегеді және оқиға кезінде өз әрекеттерінің қауіптілігін түсіне алмаған.

Сот әйелді қылмыстық жауапкершіліктен босатып, оны психиатриялық стационарға мәжбүрлі емдеуге жіберу туралы шешім қабылдады.

Қазіргі уақытта балалар, оның ішінде жәбірленуші бала да, мамандардың бақылауындағы арнайы мекемеге орналастырылған. Айта кетейік, сот қаулысы әзірге заңды күшіне енген жоқ. Оқиға бойынша тексеру дер кезінде басталған болатын.

Кабанбай батыр кошесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# ПРЕЗИДЕНТ КАЗАХСТАНА ПРИБЫЛ С РАБОЧИМ ВИЗИТОМ В ВАШИНГТОН



***Глава государства Касым-Жомарт Токаев по приглашению Президента США Дональда Трампа прибыл с рабочим визитом в Вашингтон, передает Kazinform со ссылкой на Акорду.***

В рамках визита Президент примет участие в инаугурационном заседании Совета мира, проведет ряд встреч с лидерами зарубежных стран, а также официальными лицами США.

Напомним, ключевое внимание в ходе саммита будет уделено вопросам стабилизации ситуации в секторе Газа, а также выработке практических шагов по обеспечению мира, безопасности и устойчивой гуманитарной поддержки в регионе. Совет мира, председателем которого является президент США Дональд Трамп, на данный момент насчитывает 27 участников.

# ТОКАЕВ: «ЦЕЛЬ - ПЕРЕДАТЬ ПОТОМКАМ СИЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВО»

***Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев встретился с победителями международного турнира UAE SWAT Challenge-2026.***



Глава государства акцентировал внимание на том, что наша страна находится на пороге исторических перемен и напомнил, что 15 марта на всенародном референдуме граждане сделают выбор по новой Конституции- передает NUR.KZ со ссылкой на Акорду.

"У нас общая цель - передать потомкам сильное и передовое государство. Объединив усилия, мы обязательно выполним эту историческую миссию. Служение Родине - высшая честь. Этот путь выбирают только истинные патриоты и ответственные граждане. Уверен, вы и впредь будете безупречно стоять на страже национальных интересов", - подытожил Токаев.

# «САМРУК-КАЗЫНА» СОКРАЩАЕТ ПЕРСОНАЛ ПОСЛЕ КРИТИКИ ТОКАЕВА




***Фонд «Самрук-Казына» проводит плановую оптимизацию численности административно-управленческого персонала, в том числе в компаниях, расположенных в Астане, сообщает Qaz365.kz со ссылкой el.kz.***

Ранее в СМИ появилась информация о возможных масштабных сокращениях в главном офисе фонда – до 10% сотрудников. Эти сообщения связывали с недавней критикой со стороны президента Казахстана Касым-Жомарта Токаева, который заявил о чрезмерном количестве управленцев в национальных компаниях.

# ШЕСТЬ ПРИОРИТЕТОВ РАЗВИТИЯ ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ

***Согласно поручениям главы государства Қ.Тоқаева в области Жетісу обсудили шесть приоритетных направлений дальнейшего развития региона. Как отметил аким области Бейбит Исабаев, главной задачей остается обеспечение устойчивого социально-экономического роста, повышение доходов и уровня жизни населения, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.***



Первостепенной задачей, учитывая, что область Жетісу – аграрный регион, аким области поставил перед акимами районов и городов и руководителями соответствующих отраслей четкие задачи по развитию сельскохозяйственной отрасли. Кроме развития животноводства, усилить следующие отрасли, как развитие сферы промышленности, а тже строительства и жилищно-коммунального хозяйства, улучшить качество услуг здравоохранения, и последнее – анализ и оптимизация бюджетных средств. В целом, результаты по итогам прошлого года стали возможны благодаря вкладу всех жителей региона. И в этом году, не сбавляя темпов, необходимо усилить работу по всем направлениям, - сказал Б. Исабаев, подводя итоги совещания.

**Фотограф: Дмитрий Ерофеев**

# РАСКРЫТО ХИЩЕНИЕ В МНОГОПРОФИЛЬНОЙ БОЛЬНИЦЕ ТАЛДЫКОРГАНА




***В многопрофильной больнице Талдыкоргана выявили крупные денежные махинации, передаёт корреспондент TengriHealth. /11.02.2026/***

Согласно материалам расследования, факты хищения пришлись на 2020-2023 годы. Правоохранителям удалось доказать причастность к преступлению главного бухгалтера медучреждения и кассира. Уголовное дело в отношении обеих обвиняемых рассмотрено Талдыкорганским городским судом. В ходе судебного разбирательства установлено, что общая сумма причиненного государству ущерба составила более 30 миллионов тенге.

Ущерб государству осуждённые полностью возместили, раскаялись, поэтому суд назначил им условное наказание с лишением на 10 лдет права занимать должности, связанные с материальной ответственностью в государственных организациях и субъектах квазигосударственного сектора, - сообщил руководитель пресс-службы суда области Жетысу Нурсултан Орынбасаров.

# КОРОТКО ОБО ВСЕМ

### НОВЫЙ ПОДХОД К ВОПРОСУ МИРА ПРЕДЛАГАЕТ ВАШИНГТОН

Создание Совета мира по инициативе президента Дональда Трампа при полном одобрении со стороны Организации Объединённых Наций представляет собой значительный шаг вперёд. Это не просто ещё один форум для бесконечных дискуссий. Это практическая инициатива, направленная на достижение реальных результатов — особенно в Газе и на Ближнем Востоке – сообщает Информбюро. кз.

Белый дом предложил действительно инновационный подход: вместо повторения исчерпанных политических формул был выдвинут ясный и прямой принцип — мир через устойчивое экономическое развитие. Другими словами, мир рассматривается не как лозунг, а как проект: инфраструктура, инвестиции, рабочие места и будущее, которое делает возобновление конфликта иррациональным. Благодаря своей новизне и амбициозности , инициатива заслуживает уважения и международного внимания.

### ЗА СОКОЛА — 3 МИЛЛИОНА ТЕНГЕ

В резервате «Ертис орманы» напомнили о самых крупных штрафах за браконьерство в Казахстане. Самое серьезное наказание — более 3 миллионов тенге — грозит за незаконную добычу сокола-балобана, занесённого в Красную книгу РК, передает ИА «NewTimes.kz».

Это самый высокий показатель среди озвученных штрафов.За беркута (Красная книга РК) — 1 730 000 тг (400 МРП); Лебедя - 1 730 000 тг; Лося- 2 162 500 тг; косулю — 1 081 250 тг; Лесную куницу — 865 000 тг. Для других видов животных суммы компенсации варьируются от 21 625 до 86 500 тенге за особь. Отдельно предусмотрена ответственность за сопутствующие нарушения. Так, уничтожение гнезд, нор или логов влечет штраф в размере 10 МРП (43 250 тг). Незаконная добыча яиц или эмбрионов оценивается в 50% от суммы ущерба, установленной за взрослую особь соответствующего вида.

### НА ПРЕДПРИЯТИЯХ СТРАНЫ ПОЯВЯТСЯ КАБИНЕТЫ ПРОВЕРОК НА АЛКОГОЛЬ

Премьер-министр Олжас Бектенов в своем ответе на депутатский запрос сообщил о проводимой работе по совершенствованию механизма проверок людей на алкогольное и наркотическое опьянение, передает корреспондент Zakon.kz.

" Рассматривается вопрос по открытию кабинетов освидетельствования на отдаленных промышленных предприятиях, что позволит проводить освидетельствование на рабочем месте. По стране развернуто около 300 кабинетов медицинского освидетельствования, которые оснащены необходимым оборудованием и диагностическими экспресс-тестами.На сегодня проводятся организационные мероприятия (финансовые вопросы, кадры) по запуску пилота на базе ТОО "Kalamkas-Khazar Operating" в Мангистауской области", – говорится в ответе премьера.

### В ЖЕТІСУ РАСТЕТ ПОГОЛОВЬЕ КУЛАНОВ

Поголовье куланов в государственном национальном природном парке Алтын-Эмель перевалило за три с половиной тысячи, а джейранов – за шесть тысяч – передает «24KZ». Благодаря GPS-навигаторам в зоне внимания находится и ареал обитания снежного барса. Впервые на фотоловушку редкий хищник попал шесть лет назад. Сейчас его популяция в нацпарке выросла до 20 голов. Благодаря хорошим условиям обитания наблюдается устойчивый прирост всех популяций.

### ВЗРЫВ ПРОГРЕМЕЛ В МАГАЗИНЕ

15 февраля около 18:45 в продуктовом магазине "Малика", расположенном в селе Карабулак Ескельдинского района, произошел взрыв газовоздушной смеси, передает NUR.KZ со ссылкой на ДЧС области Жетісу. В результате инцидента обрушилась часть внешней стены и крыши, площадь повреждений составила приблизительно 36 квадратных метров.В результате ЧП пострадали 3 человека, которые были доставлены в центральную районную больницу. Их состояние оценивается как среднее, стабильное, в сознании.Обстоятельства инцидента в настоящее время выясняются.

### АЭРОПОРТ В ЮЖНОЙ ФЛОРИДЕ ХОТЯТ ПЕРЕИМЕНОВАТЬ В ЧЕСТЬ ТРАМПА

Законодатели штата Флорида приняли решение о присвоении имени президента Дональда Трампа международному аэропорту Палм-Бич, передает собственный корреспондент агентства Kazinform со ссылкой на CBS News.

— Это родной город президента, он живет в восьми километрах от аэропорта, — заявила соавтор законопроекта, член Палаты представителей от Республиканской партии Мэг Вайнбергер.

Демократы, однако, заявили, что с переименованием следует подождать, пока Трамп не покинет свой пост.

(Все материалы взяты из открытых источников)

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# СОҢҒЫ 1 АЙДА ПРЕЗИДЕНТ ТОҚАЕВТЫҢ СЫНЫНА ҰШЫРАҒАНДАР



***СОҢҒЫ БІР АЙДА ҚОҒАМЫМЫЗДАҒЫ ЖАНДЫ ҚОЗҒАЛЫСҚА ТҮРТКІ БОЛҒАН ПРЕЗИДЕНТ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ЕЛІМІЗДІ ЖАҢАРТУ ЖОЛЫНДАҒЫ АЛҒА ҚОЙҒАН ӨЗЕКТІ ДЕ БАСТЫ МАҚСАТТАҒЫ МӘСЕЛЕРІ ЕШКІМДІ БЕЙ-ЖАЙ ҚАЛДЫРМАҒАНЫ АНЫҚ. ОНЫҢ БӘРІН ТІЗІП АЙТПАЙ-АҚ ҚОЯЙЫҚ.***

Бірақ соңғы кезде мемлекет басшысы тарапынан шенеуніктердің сынға ұшырауы көбейгені байқалды.

Осы кезге дейін ел басқарып отырса да төмендегілерге дауыс көтеріп сөйлемейтін, өте жоғары деңгейдегі ішкі мәдениетіне сәйкес президент Қасым-Жомарт Тоқаев басқарушы тетіктегі отырған ел азаматтарына жұмысты жүргізуге тиісті тапсырмаларды беріп, кемшіліктерін тұспалдап көрсетіп, столды тоқпақтамай жеткізіп отырды. Дегенмен, уақыт келе соңғы атқарылып жатқан саяси-экономикалық өзгерістерге байланысты қордаланып қалған мәселелер Президенттің нақты сын садағына іліініп жатыр.

Ең алдымен ...

### ТОҚАЕВ ҮКІМЕТКЕ ЕСКЕРТУ ЖАСАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында министрлер мен әкімдердің жұмысын өткір сынға алды. Мемлекет басшысы шенеуніктердің жауапкершіліктен қашып, мәселені сөзбұйдаға салатынын және маңызды мәтіндерді оқымайтынын қатаң ескертті, деп хабарлайды Qazaqtoday ақпарат агенттігі. (2.02.2026) «Үкімет мүшелері мен әкімдер өздеріне сеніп тапсырылған салалардағы барлық кемшілікті цифрландыруға, дәлірек айтсақ, оның жоқтығына «жауып тастайды». Олар: «Жалпы цифрландыру енгізілгенде, сіз көрсеткен кемшіліктер табиғи түрде жойылады» деп жазады немесе айтады. Бұл туралы не айтуға болады? Қорғанудың асқан шеберлігі», — деді Президент. Сонымен қатар Тоқаев бюджет ақшасын орынсыз жұмсауды тоқтатуды талап етті. Президенттің айтуынша, шенеуніктер жеке капитал тартудың орнына бюджеттен ақша алудың оңай жолын таңдайды. «Бір шенеунік-құрылысшы айтқандай: «Ақшамен нысанды ақымақ та сала алады, ал бұл міндетті ақшасыз орындау – нағыз шеберлік». Шеберліктеріңізді көрсетіңіздер. Үкімет маған бюджеттен қомақты қаржы алмай-ақ жұмыс істеу жоспарын беруі керек», — деп түйіндеді Мемлекет басшысы.

Сондай-ақ Тоқаев артық басқарушы кадрлармен, яғни «сол жағалаудағы» адамдармен толып кеткен компаниялардың құрылымын қайта қарау керегін ескертті. Бұлардың арасында Самұрық – Қазына да бар. «Олардың жұмысы аз, кейде ештеңе істемегеннен зерігеді және сол себепті желіде отырып, күмәнді пікірталастарға қатысады. Мұның соңы жақсылыққа апармайды», — деді Президент. Тоқаев Үкіметке нақты іспен айналысуды, ал бос сөз бен қорқыныштан арылуды тапсырды. «Егер сіздерде менің ойымша, шынайы өмірден алшақ иллюзиялардың жемісі болып табылатын қауіптеріңіз немесе қарсылықтарыңыз болса, маған тиісті қағазды беріңіздер, мен резолюция қоямын. Жауапкершілікті өз мойныма алу маған таңсық емес, ал сіздер конференцияларда шешенси беріңіздер. Қазір сондай заман: «күнді өткізсек, түннен аман шықсақ» деп қорқып-дірілдемей, іс істеу керек», — деп қорытындылады сөзін Қасым-Жомарт Тоқаев.

### ТОҚАЕВ ШЕНЕУНІКТЕРДІ САЛҒЫРТТЫҒЫ ҮШІН СЫНҒА АЛДЫ

Мемлекет басшысы Тоқаев Үкімет отырысында шенеуніктердің іске салғырт қарайтынын айтып, сынға алды. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі хабарлайды. (10.02.2026.)



Мемлекет басшысының пікірінше, банктер, агрегаторлар мен маркетплейстер салықтық әкімшілендірудің әрекет ету аясына толықтай еніп, салық агенттері міндетін атқаруға тиіс.

«Мемлекеттік кірістер комитетіне толық цифрлық режимде жұмыс істейтін «фискальдық деректер фабрикасына» айналу міндеті жүктелді. Бүкіл мәселені шешудің жалғыз дұрыс жолы – осы. 2027 жылдың соңына дейін салық және кеден жүйесін басқарудың цифрлық тәсілін енгізу қажет. Бұл – стратегиялық маңызы бар міндет», – деді Тоқаев.

Сондай-ақ Тоқаев Ұлттық тауарлар каталогы мен Отандық тауар өндірушілері реестрін жедел іске қосып, тауарларды цифрлық таңбалау жүйесін кеңейтуды тапсырды. «Бірақ тауар таңбалауды жоспарланған өндіріске зиянын тигізбей жасау керек. Министрліктер қабылдаған жаңа ережелер мен шешімдер шетелдік және отандық компаниялардың қызметіне кері әсер етпеуі тиіс. Мұндай жайт еліміздегі инвестициялық климатты нашарлатады. Отандық және шетелдік компаниялар бұл мәселеге алаңдаушылық білдіріп, маған хат жазып жатыр», – деді Тоқаев. - Жаңа Салық кодексі салық-бюджет саясаты мен экономиканы орнықты дамытуға, халықтың әл-ауқатын арттыруға бағдарлануы қажет. Экономика министрлігінің мәліметіне сәйкес, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға арналған жаңа салық режимі іске қосылғалы бері 180 мыңнан астам жаңа салық төлеуші заң аясында әрекет ете бастады. Үкіметтің бағалауынша, салық реформасының нәтижесінде биыл бюджетке қосымша 4,4 триллион теңге түседі», – дейді президент.

«Бірақ қайталап айтамын: белгіленген көрсеткіштерге шамадан тыс салық салу, бизнесті заңсыз немесе негізсіз қыспаққа алу есебінен жетуге болмайды. Бюджетті тиімді салықтық әкімшілендіру арқылы толықтыруға болады деп ойлаймын. Сондықтан салық жүйесін жаппай цифрландыруға шұғыл кіріскен жөн», сондай-ақ , «жазалаушы» менталитеттен арылатын кез келді. Салық органдары мен салық төлеушілер арасында серіктестік және өзара сенім қағидаты орнығуы тиіс»,– деді президент.

Айта кететіні, бұған дейін Ұлттық Құрылтайдың бесінші отырысында Қасым-Жомарт Тоқаев көптің сынына қалған жаңа Салық кодексіне қатысты Үкіметке тапсырма берген еді.

### КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ЖҰМЫСЫНА ЗАҢСЫЗ КЕДЕРГІ ЖАСАУ

Президент Тоқаев құқық қорғау органдарының кәсіпкерлер жұмысына заңсыз араласуын қатаң сынға алып, мұндай әрекет мемлекет мүддесіне қайшы екенін айтты, - деп хабарлайды Ertenmedia.kz. /28.01.2026/

Президенттің айтуынша, бизнеске қолдан кедергі келтіру елдегі инвест ахуалды нашарлататын ауыр қылмыспен тең. Мемлекет басшысы осы бағытта көп жылдан бері қыруар іс атқарылса да, кәсіпкерлер мен «Атамекен» палатасынан әлі де арыз түсіп жатқанын атап өтті. /Қысқаша айтқанда, бизнесті «кошмарить ету» әлі тоқтайтын түрі жоқ./ред. «Алатау»/.

«Барлық құқық қорғау органдары мынаны анық түсінуге тиіс. Бизнестің заңды жұмысына тұмсық тығып, кедергі келтіру - мемлекеттік мүддеге қарсы ауыр қылмыс. Бірінші кезекте Қаржы мониторинг агенттігіне ерекше ескертемін», – деді Тоқаев.

### АҚОРДАҒА ЖЕТКЕН МАҢЫЗДЫ ИНСАЙД

Президент өзінің атына өңірлерден түсіп жатқан маңызды инсайдпен де бөлісті. Тоқаевтың айтуынша, адал табыс тауып отырған кәсіпкердің жұмысына кедергі жасап, үстінен күн көргісі келетіндер әлі де бар. Ақорда әлгіндей әрекеттің үстінен түссе, жазасы қатал болмақ. Тоқаев былтыр «Қаржы мониторинг» тергеген істің 40 пайызы қылмыс құрамы болмағасын (айыбы дәлелденбеген) тоқтатылғанын сынады. Айталық өткен жылы агенттік қозғаған 2700 істің 1061-і дәл сол себеппен жабылған. Президенттің айтуынша, осындай асығыс шешім бизнестің шығынға батуына, беделінің түсуіне алып келіп, қоғамдағы наразылық градусын ұлғайта түседі.

### БИЗНЕСТІҢ ЕСІГІНЕ ҚҰЛЫП САЛУ — ҚАТЕЛІК

Мемлекет басшысы осы тұста кәсіпкермен қарым-қатынасты қайта қарап, бақылау мен қолдау арасында тепе-теңдікті сақтауды бұйырды. «Ақшаға қатысты заң бұзу анықталса, компанияның есігіне құлып салып, жұмысын тоқтата салу дұрыс емес. Мұндай шара тек ерекше жағдайда ғана қолданылуы керек», – деді ол.Президент сонымен қатар бизнестің өзі де жауапкершілікті сезіну керегін ескертті. «Кәсіпкерлер заңды бұлжытпай орындап, салықтан жалтармай, түрлі аферадан аулақ болуы қажет. Алаяқтықтың ешбір түрі біз үшін қабылданбайды», – деді Тоқаев. Жиын соңында «Қаржы мониторинг» агенттігіне кәсіпкердің



мүддесін қорғауды басты назарға алып, жұмыс тәсілін қайта қарау тапсырылды. Бизнес демекші, Қазақстанда бензин бағасы күрт көтерілуі мүмкін. Энергетика министрі Ерлан Аққенженовтің айтуынша наурыздан кейін жанармай бағасы «ашық теңізге» шығады.

### ТОҚАЕВ QAZAQGAZ ЖҰМЫСЫНА СЫН АЙТТЫ: ГАЗ ӨНДІРУ КӨЛЕМІ ТЫМ ТӨМЕН

Ұлттық құрылтай отырысында президент Қасым-Жомарт Тоқаев QazaqGaz ұлттық компаниясының жұмысына қатаң сын айтты, деп хабарлайды Dalanews.kz.( 20 қаңтар 2026)

Мемлекет басшысының айтуынша, компания газ өндіру көлемі бойынша тиісті деңгейде жұмыс істемей отыр. Қазіргі таңда QazaqGaz бар болғаны 350 миллион текше метр газ өндіріп отыр, ал компаниядағы қызметкерлер саны 10 мың адамға жуық. Сонымен қатар жаңа кен орындарын игеру ісі де тиімсіз жүргізілуде.Президент бұл жағдайды басқарудағы олқылықтармен байланыстырды.

«Қалыптасқан ахуал - тиімсіз жоспарлаудың тікелей салдары. Бұл мүлде жол беруге болмайтын жағдай. Бұдан сабақ алу керек. QazaqGaz басшылығына перспективалы учаскелерді өз қаражаты есебінен игеруге кірісу жөнінде нақты тапсырма бердім», - деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ мемлекет басшысы Үкімет пен «Самұрық-Қазына» қорына газ саласындағы жұмысты неғұрлым ұтымды ұйымдастыруды тапсырды. Президенттің айтуынша, газ секторындағы басқару тәсілдері қайта қаралып, ұлттық компаниялардың тиімділігі нақты нәтижемен бағалануы тиіс.

Бұған дейін Қазақстанның премьер-министрі Олжас Бектенов «QazaqGaz» ұлттық компаниясы» АҚ басқарма төрағасы Санжар Жаркешовтың геологиялық барлау және бұрғылау жұмыстарына инвестициялар тартылып, Жамбыл облысында жаңа газ қоры анықталған – деген тым оң бағыттағы баяндамасын сынға алған болатын. «Сіздерде проблемалық мәселелер мүлде жоқ па? Тек оң нәтижелерді ғана көрсеттіңіздер. Мәселелер туралы көбірек айту керек. Оларды ашық көтеріп, талқылау қажет», – деген еді премьер-министр.

### ТОҚАЕВ ШЕНЕУНІКТЕРДІ КІТАП ОҚУҒА ШАҚЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкіметтің кеңейтілген отырысында мемлекеттік қызметкерлердің интеллектуалды деңгейі мен оқу мәдениетіне қатысты маңызды мәлімдеме жасады. Президент кейбір Үкімет мүшелерінің тіпті маңызды стратегиялық мақалалар мен сұхбаттарды соңына дейін оқымайтынына қынжылыс білдірді, деп хабарлайды Qaz365.kz.

Тоқаевтың айтуынша, қазіргі интернет заманында адамдар ұзақ мәтіндерді қабылдаудан қалып барады. Көптеген шенеуніктер маңызды ақпаратты оқудың орнына, оның қысқаша аудио-нұсқасын тыңдай салуға көшкен.

«Бұл мемлекеттік қызметкерлерге жараспайтын әдет. Оқу керек. Әйтпесе, зейнет жасына жеткен кезде, ойлану қабілеттеріңізден айырылып қаласыздар», — деді Мемлекет басшысы.

Президент «Turkistan» газетіне берген сұхбаты мен Қызылордадағы Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзін мысалға келтірді. Оның байқауынша, Үкіметтегілер бұл маңызды құжаттарды «бәрі бірдей ықылас қойып оқымаған».

Президент интеллектуалды еңбекпен айналысатын адамдар үшін кітап оқудың тек білім көзі емес, сонымен қатар мидың жұмысын сақтаудың бірден-бір жолы екенін қадап айтты. Ол шенеуніктерге интернетке тәуелді болмай, тереңірек ізденуді тапсырды.

**Дайындаған**
**Баян ТАҢАТАРОВА**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

**ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМІ ЕРНАТ БӘЗІЛДІҢ НАЗАРЫНА!**

# ЖАЯУДЫҢ ЖАҒДАЙЫ ҚАШАН ОҢАЛАДЫ?

*«Жаңбырлы түн, екеуміздe*
*бір шатыр.*
*Қалғандары - сүмірейіп суда тұр...»*
*/ән-әзіл/*

Жылдан жылға Талдықорған қаласы өсіп, өңірі кеңейіп келеді. Қаланың шетінде жаңа ауылдар бой көтеріп жатыр. Өтенай, Жастар – 1, Ынтымақ ауылдарына қаладан қатынайтын 4а, 227 және коттедж қалашығы арқылы жүріп тұратын автобус маршруттары бар. Олардың жүру бағытына келер болсақ, ауыл адамдарына ыңғайлы деп тасымалдаушылардың шешуі болса керек, 4а және 227 автобустары Өтенай ауылынан шығып Жастар – 1 елді мекенді аралап өтіп, АКЛ мен Үштөбе трассасын қосатын айналма жол арқылы жүріп, «Жирен көл» көшесі арқылы ескі Ынтымақ ауылына жетіп, кері айналады. Автобустарды жүргізіп қойғаны дұрыс-ақ. Алайда, жолаушының жағдайы толық жасалмаған. Ол туралы айтар айғақтарымыз баршылық.

**Бірінші.**

Өкінішке орай, аталған бағыттағы автобуспен жүретін адамдар үшін жол бойындағы автобус аялдамаларының бірде-біреуінде жолаушы үшін жауын-шашыннан қорғанып, жел мен қардан тасаланатын аялдамалық орынның нысаны да жоқ. Жасалынбаған. «Аялдама» деген автобустың суреті салынған жалғыз таяқтан басқа түк жоқ. Неге? Белгісіз...

**Екінші.**

Аялдамадан түскен соң жолаушы жүретін жол да жоқ, жаяу жүргінші мен көлік жүретін күре жолды бөліп тұратын жолақ белгі де жоқ. Үлкен трасса бойында жоғары жылдамдықпен өтіп жатқан көліктермен баратын бұрылысыңа дейін қапталдаса жаяу жүріп отырасың. Қауіпті. Үлкен жылдамдықпен келе жатқан көлік жаяу адамды қағып кетуі де мүмкін... Кейде бір-біріне жол бермей, екі көліктің жол бойында қатар жарысып қапталдаса жүретін кездері жаяу адам қайда тығыларын білмей қалады.

**Үшінші.**

Аялдамаларға жақындағанда көліктердің жылдамдығын тежейтін «60, 40» деген жол белгілері де қойылмаған. Ынтымақ ауылының құрылысы басталып, адамдар тұрып жатқалы 8-9 жыл уақыт өтті, ал жол белгілері деген жоқ. Кім қоюы керек мұндай белгілерді? Айып салғыш жол полициясының міндеті емес пе бұл? Әлде біз қателесіп отырмыз ба? Ол белгілерді қою бюджетке көп шығын келтіре қоймас деп ойлаймын. Әлде бұл жолдармен жол полиция қызметкерлері жүрмей ме? Неге мән берілмей келеді?

**Төртінші. Бұл енді Жолполдың назарына іліксе деген ниеттеміз.**

Шет ауылдардың тар көшесімен кейде бір-біріне қарама-қарсы екі көлік келе жатса, жаяу жүргінші қайда тығыларын білмей қалатын жағдайлар болып тұрады. Өйткені жаяудың жолы да, машинаның жолы да осы бір жол. Неге? Тротуар дегенді түсімізде ғана көрмесек...

Осыған Өтенай ауылындағы «Республика» көшесін мысалға алуға әбден болады. Бұндай көшелерді әр жерде бар. Меніңше, сондай тар жолдарды бір бағытта ғана жүргізіп, жаяу жүргіншіге жағдай жасау керек деп ойлаймын. Сонымен қатар кейбір көшелерде қойылған жол белгілері өскен ағаш бұтақтарынан көрінбейді. Әрине, күнде жүріп жүрген жүргізушілерге таныс. Ал сырттан келген немесе бұл жолдармен жүрмеген жүргізушілерге қиындық туғызады.

Аялдамаларда автобустарды тосып тұратындар көбінесе мектеп оқушылары, студенттер және жасы егде тартқан зейнеткер адамдар. Жауын-шашынды күндері сырт киімдерінен су өтіп, тоңып қалады. Осы кезде «Жаңбырлы түн, екеуміздe бір шатыр...» деген әнді әзілге бұрмалап айтылып жүр...

«Жаңбырлы түн, екеуміздe бір шатыр. Қалғандары - сүмірейіп суда тұр...» деген әзіл-өлең жолдары еріксіз еске түседі. Бұл өмірде істеліп жатқан барлық іс-әрекеттер адамдар үшін болғандықтан, ең бірінші адамдарға жағдай жасау абзал. Жол бойында айта берсе әңгіме көп. Алдымен осы кемшіліктерді түзетіп алайық.









# ЖЕТІСУ БИЛЕР АЛҚАСЫ АТА ЗАҢНЫҢ ЖОБАСЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

**Еліміздегі саяси реформалардың негізін қалайтын Ата заңымыздың жаңа жобасы қоғамда ешкімді бей-жай қалдырмады. Жобадағы өзгертулерге байланысты жер-жерлерде талқылаулар қызу өтіп жатыр. Солардың бірі Жетісу билер алқасында өтті. Аталған билер алқасының ең өзекті деп санаған мәселесі қазақ тілінің Ата заң жобасындағы мәртебесіне байланысты болды.**

Бүгінде халқының саны 20 млн-нан асып отырған Қазақстандағы негізгі ұлт – қазақтар, сондықтан олар мемлекетті құраушы ұлт болып саналады. Олардың бүгінгі саны да жоғары – қазақстандықтардың 70 пайыздан астамы – қазақтар. 15 пайызы орыс, қалғандары басқа ұлт өкілдері.

Ата заңның 9 бабының 1 бөлігінде мемлекеттік тіл – қазақ тілі деген өте орынды жазылғанын айта келе, осы баптың 2-ші бөлімі туралы жетісулық билер біраз пікір таластырып, өз ойларын айтып жатты.

Қаңтарбаев Құдайберген, Құдайбергенов Тұрарбек, Түкебаев Бақыт, Бибатыр Арыстанбек, Бозымбеков Жомарт, Тұрысбеков Болат сияқты билер Ата заңның жаңа жобасындағы 9 баптың 2 тармағын талқылай келе, «орыс тілі мемлекеттік тілмен қатар қолданыстағы тіл болып табылсын» - деген тұжырымға мынадай ұсыныстар айтылды:

**- Мемлекеттік ұйымдарда және өзін-өзі басқару органдарында ресми түрде қазақ тілі қолданылады, ал орыс тілі өзге ұлттар арасында қарым-қатынас тілі болып қолданылсын.**

Пікірталаста Жетісу облысының билері күн тәртібіндегі басқа да өзекті тақырыптарды талқылады. Солардың бірі Панфилов ауданы билер алқасының ұсынған қазақ қыздарының шетелдіктерге тұрмысқа шығып, елден алыстауы туралы болды. Нәтижесінде Жетісу билер алқасы бір ауыздан мынадай мәмілеге тоқтады:

**- Егер Қазақстан азаматшасы шет ел азаматына тұрмысқа шығам дейтін болса, ол азаматша шет ел азаматына некеге отырған сәттен бастап Қазақстан Республикасы азаматтығынан шығарылсын. Ал оған күйеу болам деген шетелдік азамат Қазақстан қазынасына алған қазақ әйелі үшін тиісті өтем төлесін.**

Жетісу билер алқасының келесі талқылаған мәселесі қазақ жерін шетелдіктерге ұзақ мерзімді пайдалануға немесе жалға берілмеуі жайында болды. Өйткені біздің Жер туралы заңымызды қолдануда түрлі бұрмалаушылықтарға жол берілуі мүмкін. Сондықтан Жетісулық билердің ұсынысы:

**- Жерді шетелдіктерге беруде Жер туралы Заң талаптарының сақталуын тиісті орындар қадағалауын күшейту. Ұзақ мерзімді жалға берілу шарттарын сақтау. Бір түсініксіз тұсы – Қазақстанда жерді жалға алған шетелдік заңды тұлға болса – ол шетелдік болып есептелмейді екен?.. Осыған орай Жер туралы заңның баптарын қолдануда заң бұзушылыққа жол бермеуге атсалысу.**




Сонымен қатар, Жетісу билер алқасы Жетісу облыстық Полиция Департаменті мен Жетісу облыстық сот арасындағы өзара ынтымақтастық туралы Меморандумды талқылап, билерді Меморандум шарттарымен таныстырды. Осы айтылған мәселелер туралы қаулы қабылданып, шешімі Қазақ билер алқасына жолданатын болды.

**Талдықорған қаласы**

**Бетті дайындаған: Сембек ӘБДІРАХМАНОВ**

## Дүйсенбі - Понедельник, 23 ақпан

### ХАБАР

05.00, 15.00 Сериал «Восточные сладости»
07.00 «Оян!»
09.00 «Дәстүр»
09.30, 19.30 Телехикая «Шырмалған тағдыр»
11.30 «Қоғам пікірі» саяси ток-шоуы
12.30 «ОйнаQ»
13.30 «Көзқарас»
14.30 Мультсериал «Лунтик»
19.00 Новости
21.30 Жаңалықтар
22.00 Телехикая «Достық 13»
23.00 Сериал «Влюбленные женщины»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «П@утина»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.30 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово!»
10.50 «Аналитика»
11.45 «Анықтаймыз»
14.00 «Жаңалықтар»
14.15 «Новости»
14.30 «Qoslike»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz-шоу»
20.00 «Главные новости»
20.30 Сериал «Невский»
00.40 «Главные новости»
01.10 Сериал «Берлинская жара»
02.00 Сериал «Личная жизнь следователя савельева»
02.50 «Басты жаңалықтар»
03.20 «Koremiz-шоу»

### КТК

07.05 «Әнім сен едің»,
07.30 «Әкінбе сен»
10.30 Худ. фильм «Не лечи меня»
12.20 Сериал «Тайны»
16.40 Сериал «Джамайка»
18.30 Сериал «Однажды в Чукурова»
20.35 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 Сериал «Уйти, чтобы вернуться»
23.30 Сериал «Морские дьяволы. Вектор атаки»
01.20 Сериал «Джамайка»
03.00 «Әкінбе сен»
06.00 «Әнім сен едің», ойын- сауық (қайталау)
06.10 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
10.00 «Угәгәй melody»
11.00 «Бір шәугім шай»
11.40 Д/ф «AI әлем»
12.05 «Әсем әуен»
13.05 «Единый народ»
13.35 «Әсем әуен»
14.30 «Арнайы репортаж»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Шашу»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 «DARA LINE»
17.00 «Жетісу жақұты»
17.30 «Әсем әуен»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Ғибрат»
20.00 «Әсем әуен»
20.10 Д/ф «AI әлем»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Жаһан жолы»
21.20 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Күн болам»
22.40 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30, 05.20 «Ризамын» ойын-сауық
07.00, 02.40 «Time Vine» ойын-сауық
07.30, 01.10 «31 әзіл» ойын-сауық
09.30 Саумал
09.50, 03.00 «Tik Tok show» ойын-сауық
10.00 Мультсериал «Губка Боб»
10.30 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
11.20 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
12.20 «Астерикс и Обеликс: Поднебесная»
15.00 Худ. фильм «Штурм белого дома»
18.00 Худ. фильм «Центурион»
20.00 Информбюро (рус., каз.)
21.00 Худ. фильм «Одаренная»
23.00 «Бозторай» телехикаясы
03.20, 05.00 «What's up?» ойын-сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala batlle»

### 7 КАНАЛ

06.02 «Людям на смех».
07.00, 22.40 Телехикая «Үзілген жапырақтар»
08.40, 18.30 Сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 21.00 Сериал «Ветреный»
12.50 Мультсериал «Ну, погоди!»
13.00 Жаңалықтар
13.15 Новости
13.30 «Зың-зың Күлпәш».
14.30 «История игрушек-4»
16.40 Сериал «Без вины виноватая»
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости
20.00 Сериал «Черная любовь»
00.00 Телехикая «Ақ пен қара»
00.50 Телехикая «Тек қана қыздар»
01.40 Жаңалықтар
02.10 Новости
02.40 Гүл гүл шоу
03.30 Жарқыраған жұлдыз
04.20 Жұлдызды шаңырақта
05.10 Телехикая «Өсекшілер»

Считать недействительным утерянный бланк ИБР Россия 2025 год за № 0294569 ИП «Дюсенбаев Б» ИИН 881111302728

## Сейсенбі - Вторник, 24 ақпан

### ХАБАР

05.00, 23.00 Сериал «Влюбленные женщины»
07.00 «Оян!»
09.00 Жер-жаһан
09.10 «Хақың бар»
09.30, 19.30 Телехикая «Шырмалған тағдыр»
11.30, 22.00 Телехикая «Достық 13»
12.30 «ОйнаQ»
13.30 «Өзекті»
14.00 «Әлеумет»
14.20 Пульс планеты
14.30 Мультсериал «Лунтик»
15.00 Сериал «Восточные сладости»
19.00 Новости
21.30 Жаңалықтар

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Паутина»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.30 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово!»
10.50 «Модный приговор»
11.50 «Давай поженимся!»
12.45 «Запретная любовь»
14.00 «Жаңалықтар»
14.15 «Новости»
19.00 «Koremiz-шоу»
18.30 «Басты жаңалықтар»
14.30 «Qoslike»
20.00 «Главные новости»
20.30 Сериал «Невский»
00.40 «Главные новости»
01.10 Сериал «Берлинская жара»
02.00 Сериал «Личная жизнь следователя Савельева»
02.50 «Басты жаңалықтар»
03.20 «Koremiz-шоу»

### КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.25 «Әнім сен едің»
07.40 «Әкінбе сен»
09.30 Вечерние новости
10.10 Сериал «Морские дьяволы. Вектор атаки»
12.00 Сериал «Уйти, чтобы вернуться»
14.00 Сериал «Тайны»
16.40 Сериал «Джамайка»
18.30 Сериал «Однажды в чукурова»
20.35 Кешкі жаңалықтар
21.00 Вечерние новости
21.40 сериал «Уйти, чтобы вернуться»
23.30 сериал «Морские дьяволы. вектор атаки»
01.20 сериал «Джамайка»
02.50 «Әкінбе сен»
05.50 «Әнім сен едің», ойын-сауық (қайталау)
06.10 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.25 К/ф «Көрінбейтін көмекші»
11.05 «Әсем әуен»
11.45 Д/ф «Тәртіп»
12.00 «Аман болайық» / тікелей эфир/
12.40 «Әсем әуен»
13.05 «19 аймақ»
13.40 «Әсем әуен»
14.30 «Ғибрат»
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Әсем әуен»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Күн болам»
17.00 «Дала сыры»
17.20 «Әсем әуен»
18.00 «19 регион» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Ауылдан адам көшкенмен...»
19.45 «Қазақ үні»
20.00 «Әсем әуен»
20.15 Д/ф «Тәртіп»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «Жолбарыс»
21.20 «Әсем әуен»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Менің ағам -агент»
22.40 «Әсем әуен»
23.15 «Әу» де»

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық
06.30, 05.20 «Ризамын» ойын- сауық
07.10, 20.00 Информбюро (рус., каз.)
08.00, 02.00 «31 әзіл» ойын-сауық
09.30 Саумал
09.50, 03.00 «TikTok show» ойын-сауық
10.00 Мультсериал «Губка Боб»
10.20 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
10.50 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
11.20 Худ. фильм «Дети шпионов-2»
13.50 «АСТЕРИКС И ОБЕЛИКС В БРИТАНИИ»
16.30 Худ. фильм «ТРАНСФОРМЕРЫ: ЭПОХА ИСТРЕБЛЕНИЯ»
21.00 Худ. фильм «13 ЖИЗНЕЙ»
00.00 «БОЗТОРАЙ» телехикаясы
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.20, 05.00 «What's up?» ойын-сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «BALA BATLLE»

### 7 КАНАЛ

06.02,01.40 Жаңалықтар
06.30, 02.05 Новости
07.00, 22.40 Телехикая «Үзілген жапырақтар»
08.40, 13.30 «Зың-зың Күлпәш». Бағдарлама
10.00, 18.30 Сериал «Великолепный век. Хюррем»
11.00, 21.00 Сериал «Ветреный»
13.00 Жаңалықтар
13.15 Новости
14.40 Худ. фильм «Позднее счастье» (Россия)
16.40 Сериал «Без вины виноватая»
18.00 Жаңалықтар.
19.30 Новости.
20.00 Сериал «Черная любовь»
00.00 Телехикая «Ақ пен қара»
00.50 Телехикая «Тек қана қыздар»
02.30 Гүл гүл шоу
03.20 Жарқыраған жұлдыз
04.10 Қызықты weekend
05.00 Телехикая «ӨСЕКШІЛЕР»

## Сәрсенбі - Среда, 25 ақпан

### ХАБАР

05.00,23.00 Сериал «Влюбленные женщины»
07.00 «Оян!»
09.00 Жер-жаһан
09.10 «Neoсана»
09.30, 19.30 Телехикая «Шырмалған тағдыр»
11.30, 22.00 Телехикая «Достық 13»
12.30 «ОйнаQ»
13.30 «Өзекті»
14.00 «Neoсеть»
14.20 Пульс планеты
14.30 Мультсериал «Лунтик»
15.00 Сериал «Восточные сладости»
19.00 Новости
21.30 Жаңалықтар

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Паутина»
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»
08.30 «Доброе утро, Казахстан!»
10.00 «Жить здорово!»
10.50 «Модный приговор»
11.50 «Давай поженимся!»
12.45 «Запретная любовь»
14.00 «Жаңалықтар»
14.15 «Новости»
14.30 «Qoslike»
18.30 «Басты жаңалықтар»
19.00 «Koremiz-шоу»
20.00 «Главные новости»
20.30 Сериал «Невский»
00.40 «Главные новости»
01.10 Сериал «Берлинская жара»
02.00 Сериал «личная жизнь следователя Савельева»
02.50 «Басты жаңалықтар»
03.20 «Koremiz-шоу»

### КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.25 «Әнім сен едің», ойын-сауық
07.35 «Әкінбе сен»
09.30 Вечерние новости
10.10 Сериал «Морские дьяволы. Вектор Атаки»
12.00 Сериал «Уйти, чтобы вернуться»
14.00 Сериал «Тайны»
16.40 Сериал «Джамайка»
18.30 Сериал «Однажды в Чукурова»
20.35 Кешкі жаңалықтар, вечерние новости
21.00 21.40 Сериал «Уйти, чтобы вернуться»
23.30 Сериал «Морские дьяволы. Вектор Атаки»
01.20 Сериал «Джамайка»
02.50 «Әкінбе сен»
05.50 «Әнім сен едің»
06.10 Кешкі жаңалықтар (қайталау)

### ЖЕТІСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» / тікелей эфир/
08.50 «Әсем әуен»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 «Әсем әуен»
10.25 К/ф «Өзгеремін»
11.05 «Әсем әуен»
11.45 Д/ф «Киелі Қазақстан. Мыңжылдықтар мұрасы»
12.05 «Біздің толқын» / тікелей эфир/
12.50 «Әсем әуен»
13.05 «19 регион»
13.40 «Қылышсыз майдан»
14.30 «Ауылдан адам көшкенмен...»
14.45 Әсем әуен
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир
15.20 «Шашу»
16.00 Новости/прямой эфир
16.20 К/ф «Менің ағам -агент»
17.00 «Угәгәй melody»
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир
18.40 «Әсем әуен»
19.30 «Агро аймақ»
19.40 «Қазақ үні»
20.00 «Әсем әуен»
20.15 «Сакральный Казахстан.Наследие Великой степи»
20.30 Қорытынды жаңалықтар
21.00 Д/ф «После огня»
21.30 Итоговые новости
22.00 К/ф «Көлеңкедегі күш»
22.40 «Әсем әуен»
23.20 «Аман болайық»

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио»
06.30, 05.20 «Ризамын» ойын-сауық
06.50, 20.00 Информбюро (рус., каз.)
08.00.01.20 «31 әзіл» ойын-сауық
09.30 Саумал
09.50, 03.00 «Tik Tok show» ойын-сауық
10.00 Мультсериал «Губка Боб»
10.30 Мультсериал «Пингвины Мадагаскара»
11.20 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
11.50 Худ. фильм «13 жизней»
15.20 Худ. фильм
17.30 «Во имя короля»
21.00 Худ. фильм
355» 23.30 «БОЗТОРАЙ» телехикаясы
02.40 «Time Vine» ойын-сауық
03.20, 05.00 «What's up?» ойын-сауық
04.20 «1001 Әзіл» ойын-сауық
04.30 Телевикторина «Bala batlle»

### 7 КАНАЛ

06.02, 01.40 Жаңалықтар
06.30, 02.10 Новости
07.00, 22.40 Телехикая «Үзілген жапырақтар»
08.40, 13.30 Зың-зың Күлпәш
10.00, 18.30 Сериал «Великолепный век- Хюррем»
11.00, 21.00 Т/с «Ветреный»
13.00 Жаңалықтар
13.15 Новости
14.40 Худ. фильм
16.40 Т/с«Без вины виноватая»
18.00 Жаңалықтар
19.30 Новости
20.00 Сериал «Черная любовь»
00.00 Телехикая «Ақ пен қара»
00.50 Телехикая «Тек қана қыздар»
02.40 Гүл гүл шоу
03.40 Жарқыраған жұлдыз
04.30 Жұлдызды шаңырақта
05.10 Телехикая «Өсекшілер»

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# ҚАЗАҚТЫҢ ТІЛІН ҚОЛДАҒАН БЕЛЬГЕР

**ГЕРОЛЬД КАРЛОВИЧ БЕЛЬГЕР (1934–2015) — НЕМІС ҰЛТЫНАН ШЫҚҚАН ҚАЗАҚ ЖАЗУШЫСЫ, АУДАРМАШЫ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУШЫ, «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ НЕМІС ТІЛІНДЕГІ ЖҮРЕГІ» АТАНҒАН. САРАТОВТА ТУЫП, 1941 Ж. ҚАЗАҚСТАНҒА ЖЕР АУДАРЫЛҒАН, АУЫЛДА ӨСІП ҚАЗАҚ ТІЛІН ЖЕТІК МЕҢГЕРГЕН. АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰПУ ТҮЛЕГІ, «ЖҰЛДЫЗ» ЖУРНАЛЫНДА ҚЫЗМЕТ ЕТІП, 80-НЕН АСТАМ КІТАП (КЕЙІНГІ ДЕРЕКТЕР БОЙЫНША) ЖАЗҒАН. ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНЫҢ МҮШЕСІ, АУДАРМА САЛАСЫНДА ҚАЗАҚ-НЕМІС-ОРЫС ТІЛДЕРІН БАЙЛАНЫСТЫРҒАН, ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСТІҢ ДЕПУТАТЫ БОЛҒАН. БҮГІНГІ КҮННІҢ БАСТЫ ТАҚЫРЫБЫНА АЙНАЛҒАН АТА ЗАҢНЫҢ ЖАҢА ЖОБАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ҚАТЫСТЫ ТАЛДАУЛАР ӨТКІР ЖҮРІП ЖАТҚАН КЕЗЕҢДЕ БЕЛЬГЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖАНАШЫРЫ БОЛЫП ӨТКЕН ЖЫЛДАРЫ ЕСІМІЗГЕ АМАЛСЫЗДАН ТҮСІП ЖАТТЫ... СОНДЫҚТАН «АБАЙ-АҚПАРАТ» БЕТІНДЕ 2015 ЖЫЛЫ ЖАРЫҚ КӨРГЕН СҰХБАТТЫ ЖАРИЯЛАУДЫ ЖӨН КӨРДІК.**




**- Герольд Карлович, әңгімемізді қазақ тілінің қазіргі жағдайы жөнінде бастасақ деймін.**

- Бүгін мен Германияда бастырылған бір кітапты оқып шықтым. Кеңес немістерінің тағдыры жөнінде жазылыпты. Осы кітапты оқып отырғанда менің басыма бір ой келді. Кезінде кеңес немістерін тірілтеміз, олардың рухын көтереміз, сөйтіп оларды қайтадан бұрынғы қалпына келтіреміз, автономия жасаймыз деп бір дүрліккенбіз. Немістің рухани деңгейін көтеру үшін Германиядан көп көмек келген де болатын. Сонда да еш нәтиже бермеді. Кеңестік немістерді қаншама көтерейік десек те көтере алмадық. Ақыры олардың тең жартысына жуығы Германияға кетті. Ал қалған немістер өздерінің ұлттық қасиеттерінің бәрінен айырылып, басқа халықпен ассимиляцияға ұшырау қарсаңында. Кеңестік немістердің тағдыры мен қазақ тағдырының арасында көптеген ұқсастық бар сияқты маған. Бәлен жылдан бері қазақ тілі деп айқайлап келе жатырмыз, талай дөңгелек стөл де өткіздік. Үлкен мінбелерде де сөйледік. Қатты-қатты сөздер де айттық. Нақты мысалдар да келтіргенбіз. Бұл іске қарайған қаржы да жұмсалды. Үкімет тарапынан қолдау да бар. Бірақ нәтижесін көре алмай отырмыз. Шынымды айтсам, кейбірде осы мәселеден түңіліп кетемін. Сол себептен бұл тақырыпта аса бір сөйлегім де келмейді. Көңілім қалған мәселе болды. Таңертең балконға шығып тұрған кезде маған қазақ тілінің болашағы бар сияқты болып көрінеді. Жас қазақтың жігіттері мен қыздарын көресің. Әп-әдемі киініп алған. Қарасаң көз тоймайды. Бұрынғыдай қазақ тіліне ешбір қыспақ жоқ. Қайта қазақша сөйле деп жатырмыз. Құдайға шүкір қазағымыздың саны да жылдан жылға артып келеді. Ал, кешке қарай жатар алдында балконға шығып тұрған кезде, «әй, осы қазақ тілінің жетістігі шамалы-ау» деген ойға келемін. Үлкені де кішісі де орысша сөйлесіп жатқан біреу. Кейде тіпті қазақша сөйлеп жатқан адамды көрмейсің. Қазақ мектебінде оқитын оқушы балалардың өздері де үзіліс кезінде орысша сөйлеседі екен. Әлбетте, бірқатар жетістіктер де бар әрине. Тойларда, түрлі отырыстарда, студенттермен кездесулерде қазақ тілінде сөйлейлесіп жатады. Бірақ оның кең қанат жайып дамуын аңғармаймын. Тағы бір байқағаным осы қазақ тілі байларға қажет емес сияқты. Қазақ тілі тек қана кедейлерге керек сияқты болып көрінеді.

**- Байлар түгіл кейде ел ағалары мен шенеуніктердің де биік мінбелерде орысша сөйлеп тұрғанын көреміз.**

- Ия, депутаттарды қарасаңыз да, президенттің маңайында жүргендерді қарасаңыз да бәрі де жиналыстарда орыс тілінде сөйлейді. Соған жұрт қарайды да, «Е, осы қазақ тілінің болашақта қажеті жоқ шығар» деп ойлайды. Қызметте үлкен жетістікке жету үшін, бизнесте табыс табу үшін қазақ тілінің қажеті шамалы екен ғой, орыс тілін білсең, ағылшын тілін білсең жарайды екен ғой деп ойлайды. Тіпті ел басшысының өзі де шетелге іс-сапарымен барған кезде орысша сөйлеп тұрады. Қазақстанның Президенті бола отырып, мемлекеттік тілде емес орысша сөйлеп тұрғанын көргенде таң қаласың.

**- Үш тілдік тұғыр дегенге қалай қарайсыз?**

- Қарсымын! Әрине қазақтар орыс тілін, ағылшын тілін білгені жөн. Дегенмен бізде мемлекеттік тілдің тағдыры алаңдатып отырған кезде, үш тілдік тұғыр деген мәселе қазақ тілінің дамуына кедергі келтіреді. Ана тілін үйренгісі келмей жүрген шала қазақтарға бұл үлкен сылтау болады. Оған әлі ертелеу.

**- Тіл маманы ретінде қазақ тілінің қазіргі даму деңгейі жөнінде не айтар едіңіз?**

- Мен әдеби кітаптарды көп оқимын ғой. Аймауытовтың заманындағы қазақ тілімен қазіргі қазақ тілінің арасы жер мен көктей. Қазіргі қазақ тілі өте жұпыны. Бұрынғы ұшқырлы ой жоқ. Баяғы жан жоқ. Көп жерде орысша-қазақшаны араластырып пайдаланады. Сонау, XVIII-XIX ғ.ғ. жыраулардың, ақындардың өлең-жырларын оқып отырып таң қаламын. Қазақ тілінің ауқымы қаншама десеңізші?! Күнделікті тұрмыста пайдаланудан шығып қалған сөздерді есептесек - қазір 10 млн. қазақ сөзі бар екен. Ондай сөздік қор немістерде де, орыстарда да, ағылшындарда да жоқ. Соны бірақ қазақтардың өздері де біле бермейді. Олардың ойлары керемет бір байлықта жатыр. Таяуда маған бір қазақтың жігіті келді. Жасы отыз екі-отыз үштерде. Үлкен қызметтегі адам. Түрік тілін, ағылшын тілін жатық меңгеріп алған. Ақылы мол, білімі терең. Өзі өте пысық екен. «Жаңа қазақтардың» бірі. Сол жігіт айтады: - «Осы қазақ тілін қарабайырлау етіп қайта жасауға болмай ма? Қазақ тілі тіпті қиындап кетті. Атаулары өте көп. Тек қана күнделікті өмірге қажеттісін ғана алып, ал қалған сөздерінің бәрін жойсақ қайтеді. Грамматиканы жеңілдетсек. Синтаксисте шетелдің сөздерін молырақ қолдансақ қалай болады екен?». Мен оған қарсылық білдірдім. Не үшін бай тілді жасанды түрде кедейлендіреміз? Неге барымызды жоғалтуымыз керек? Онсыз да көптеген сөздеріміз қолданудан қалып бара жатқан жоқ па? Қайта сол бай тілді қайтадан қалпына келтіріп, оны одан сайын дамытуымыз керек емес пе? Әй кейбір жастардың осындай шала түсінігіне ішім удай ашиды.

**- Өз елінде тұрып ана тілінде сөйлегісі келмей жүрген қазақтарға қарағанда шетелдік қазақтардың бәрі де дерлік қазақ тілінде еркін сөйлеседі екен. Мұның мәні неде деп ойлайсыз?**

- Ия, шетелдегі қазақтар бірімен-бірі қазақша сөйлеседі. Мен оны өзім шетелдерге барғанда көрдім. Германияға барған кезде де талай қазақтармен қазақша сөйлескенмін. Сірә, олардың ана тіліне деген рухани қажеттілігі жоғары шығар. Олай дейтін себебім мен неміс тілінде сөйлесу үшін кейде адам таппай, немісше кітаптарды дауыстап оқитыным бар. Әсіресе Гётені. Ішімнен әрбір сөздің немісше аудармасын қайталап жүремін. Кейде бір сөздер есіме қазақша түседі де оның немісшесін есіме түсіре алмасам, ол сөзді жазып алып, сөздіктен қарап, немісше аудармасын есіме сақтаймын. Ал қазақтар өздерінің елінде жүріп, өздерінің ана тілін менсінбейді. Тіпті ауылдық жерлерден келген, әлігі «қаймағы бұзылмаған» дейтін қазақ қыздары Алматыға келген бойда-ақ бірден орысша сөйлеуге құмартып тұрады. Осы Алматыда орысша білмесең адасып қаласың деп ойламаймын. Оның үстіне бұрынғыдай қазақша сөйлесең ешкім кемсітіп тұрмайды ғой. Апырмай енді қазақша сөйлей берсейші. Жоқ, орысша сөйлесіп бара жатқан біреуді көресің. Бүгінгі қыздар ертеңгі аналар емес пе? Олар өз балаларын қай тілде тәрбиелейді? Қазақша сөйлеу отбасынан басталмай ма?

**- Оралмандардың елімізге көптеп қайтуы қазақ тілінің қолданысының кеңеюіне өз септігін тигізіп жатыр. Дегенмен біздің кириллицамен жазылған кітаптарымызды оқу оларға оңай түспей отырған сияқты. Осы жерде мүмкін тезірек латын шрифтасына көшу керек шығар деген ой келеді. Бұл мәселеге сіз не айтар едіңіз?**

- Жалпы ерте ме кеш пе латын шрифтісіне көшу керек болады. Мұны бізге өмірдің өзі жүктеп отыр. Бүкіл әлем осы шрифте жазып-оқиды. Тек бір ескеретін жәй, латын тіліне көшкен соң болашақ ұрпақтар осы алпыс-жетпіс жылдың тарихынан бейхабар болып шығады. Олар бұл кезде жазылған дүниелерді оқи алмайды. Сонау жиырмасыншы-отызыншы жылдарда жазылған небір құнды дүниелерді оқи алмай отыр емеспіз бе? (Мен өз басым неміс тілін білгендіктен маған латын шрифтісі таңсық емес. Жалпы көпшілік үшін айтып отырмын). Сол жағдай тағы да қайталанатынын ескеруіміз керек. Ал енді оралмандарға келетін болсақ, оларға байланысты айтар басқа ойым бар. Біз қазақ тілін көтереміз деп жүріп осы оралмандарды ұмытып кетпейік. Меніңше бүгінгі күннің ең басты мәселесінің бірі - осы шетелде жүрген барлық оралмандарды елге қайтару болып табылады.

**- «Мемлекет тілін білмегендерді жоғары лауазымды қызметке қоймау керек!» деген пікірлер айтылып жүр. Оған қалай қарайсыз?**

- Бұл дұрыс пікір деп ойлаймын. Мемлекет тілін білмегендерді үлкен қызметке жібермеу керек. Сонда барлық шенеуініктер мемлекеттік тілді өздерінің ертеңгі күні үшін үйренетін болады. Мұндай тәжірибе бұрын-соңды болды да. Түрлі ынталандыру жұмысын қатар жүргізу қажет. 20-шы жылдары қазақ тілін еркін меңгерген басқа ұлт өкілдеріне қосымша жалақы қосқан болатын.

**- Ал Германияда мемлекеттік тілді білмеген немісті мемлекеттік қызметке ала ма?**

- Германияға барған немістер алдымен «Хох дойчті» үйренеді. Оны меңгеріп алмай олардың ешқайсысын жұмысқа қабылдамайды. Мемлекеттік қызмет түгел тіпті еден сыпырушыға да жұмысқа алмайды. Ресейлік немістер жиналған жерінде орысша сөйлеседі екен. Сонда олардың бастығы оларға қатаң ескерту жасайтын көрнеді. Тіпті жұмыстан қууға дейін барады екен. «Сен неге орысша сөйлесесің, неге неміс тілінде сөйлеспейсің? Сен маған жалдандың ғой. Ендеше сен менің қызметкерімсің. Сен неміс тілінде сөйлеуің керек!» деп талап қояды екен, олар. Неміс тілін білмесең Германияда ешқандай жұмыс жасауға мүмкіншілік жоқ. Қазақстанда да осыған көшсе жақсы болар еді.

**- «Хох дойче» дегеніміз не?**

- Кезінде Германияда көптеген диалектер болған екен. Өйткені Германия 300-ге жуық жеке князьдықтан құрылған мемлекет болатын. Олар бір-бірінен діни көз-қарастары жағынан да ерекшеленетін болыпты. Біреуі котолик, біреуі лютерандық, біреуі протестандық дегендей. Тіпті бір-бірін түсіне алмайтын жағдайға дейін барған көрінеді. Сол кезде Гёте сияқты немістің зиялы қауымдары ортақ бір мәдениетті, әдеби тіл қалыптастыру мақсатында осы «Хох дойчені» өмірге әкелген екен. «Хох дойче» деген сөздің қазақша мағанасы «жоғарғы тіл», яғни дамыған мәдениетті тіл деген мағынаны білдіреді.

- **Қазақ тілінде де көптеген диалектер бар. Мүмкін осындай дамыған ортақ тіл бізге де керек шығар?**

- Мен бұрын кең байтақ Қазақстанда тұратын барлық қазақ ортақ бір тілде сөйлеседі екен деп ойлаушы едім. 54-шы жылы Алматыда алғаш келген кезде, басқа облыстардан келген қазақтардың сөйлеген сөздерінде бірқатар айырмашылықтар бар екенін аңғардым. Мұның кедергісі бар әрине. Соңғы шығып жатқан әдеби кітаптарды оқып отырғанда кейбір жергілікті жердің диалектісімен жазылған сөздерді кездестіріп жатамыз. Онымен қоса басқа тілдерден алынған қоспа сөздер көп қолданылады. Ғабит Мүсіреповтың айтқанындай бұл «тіл бұзаризм». Осындай жайсыздықтан құтылу үшін әдеби тілге көп көңіл бөлу керек. Және бұл әдеби тіл ғылыми негізделген тіл болуы қажет. Диалектер өздерінің жергілікті жерінде қолданыла берсін. Оған ешкімнің қарсылығы жоқ. Бірақ мәдениетті, әрі әдеби дамыған ортақ тіл керек.

**- «Қазақстандық» ұлт дегенге қалай қарайсыз?**

- Қарсымын. Мен өзімнің төл құжатыма қазақстандықпын деп жаздыртпаймын. Географиям бойынша мен қазақстандықпын. Бірақ менің ұлтым неміс. Неміс болып тудым, неміс болып өлемін. Қазақтарға да айтарым сол. «Қазақпын» деген сөз «Қазақстандықпын» деген сөзден әлде-қайда жоғары. Сондықтан қазақтар «Мен қазақпын!» деген сөзді мақтанышпен айтуы керек!

**- Қазіргі нарық заманында ұлттық тіл, рухани байлық деген қағидалар материалдық құндылықтың тасасында қалып қоймай ма?**

- Әрине нарықтың басты қағидасы: «Алдымен табыс тап!» деген талап болып отыр. Амал жоқ бұл заңмен жүруіміз керек. Дегенмен рухани мәселеге көңіл аудармаса болмайды. Соның ішінде қазақ тілінің дамуына жан-жақты көңіл бөлуіміз керек. Себебі қазақ тілі соңғы жетпіс-сексен жыл кенже дамыды. Бұрын кітап оқыған адамдар, сауатты, мәдениетті адамдар қоғамның жетекші күші болып тұратын. Ал қазір оқып-білген адамдардан гөрі санап білетін адамдар артып келеді. Мұның зардабы әлі тиеді. Нарық деп жүргенде барлық рухани құндылықтарымыздан айырылып қалуымыз мүмкін.

**- Қазақтың ұлттық өнеріне деген көзқарасыңыз қандай?**

- Өте жоғары. Әсіресе қазақтың күйін ұнатамын. Анау Құрманғазының, Динаның, Тәтімбеттің күйлерін қызыға тыңдаймын. Төкпе күйлер менің темпераментіме көбірек келіңкірейді. Мен неміспін ғой. Күнде түс кезінде радиодан қазақтың күйлерін жібереді. Соны жібермей тыңдап, бір ләззәт алып қаламын. Қай күйдің қашан шыққанын, қалай пайда болғанын маған кезінде Ақселеудің өзі айтып берген болатын. Сонымен қоса шешірені оқимын. Өте қазаққа керек нәрсе. Әр қазақ өзінің үрім-бұтағын білуі керек. Әлігі «жеті атаңды білу» деген шарт қандай керемет. Жеті атасына дейін аралықтағы жақын адамдар біріне-бірі үйленбейді. Қазақтар өзінің осы қасиетімен қанының тазалығын сақтап отыр емес пе? Алдымен сол үшін керек. Бірақ ру арасындағы жіктің қажеті жоқ. Қазақтар ру-руға, жүзге бөлінеміз деп жүріп жаман бір нәрсеге ұрынуы мүмкін. Кезінде замандастары Ғабит Мүсіреповтен «мұның арты неге әкеліп соғады?» деп сұраған еді. Сонда Ғабең: «мұның ақыры ка-тас-тро-фа-ға соғады!» деген болатын.

**- Германия мемлекеті 300-ге жуық князьдықтан құрылды деп отырмыз. Ол жақта немістер қалайша бөлінбейді?**

- Мұндай құбылыс Германияда да бар. Әрбір бұрынғы князьдықтардың өздерінің көптеген ерекшеліктері бар. Диалектерінен басқа тіпті тамақтары да өзгеше. Сырасы да бөлек. Олар да бірін-бірі кекетіп, мұқатып отырады. Бірақ әр жағында зілі жоқ. Бұл мәселеге оншалықты саяси мән бермейді. Капитализм сатысынан өткен халық қой. Сондықтан олардың ұлттық санасы жоғары.

**- Қазір немен айналысып жүрсіз?**

- Көпшілік жағдайда жазумен отырамын. «Разлад» деген романым былтыр «Простордың» төрт санында жарық көрген. Енді оны «жазушы» баспасы шығарғалы отыр. Қазақ тілінің құдыретіне арналған сегіз-тоғыз баспа табақтай «Қазақ дәптері» деген бір кітабым жазылып бітті. Тағы бір кітабым жақында жиырма миллион данамен Германияда (Кёльн қаласында), шықты. Ол неміс тілінде, орыс тілінде және қазақ тілінде. Алғы сөзін, кіріспесін өзім жаздым. Енді сол кітапты Қазақстанда шығаруым керек. Екінші сыныптан бергі жазып жүрген күнделігім бар еді. Шамамен он-он бес том болар. Оның бәрін бастырмай арасынан осы қажет-ау деген, рухани, қазақи, қоғами мәселелерді таңдап алып, бастыруға дайындадым. Бұл екі томдық кітапты өзім басып шығарамын деп менен бір бай жігіт алып кеткен. Ол кітабымның аты: «Тень дней минувших». Яғни «Өткен күндердің көлеңкесі» деп аталады. Бұл бір жақсы кітап болады деп ойлаймын. Онда ешқандай өтірік жоқ. Қазақтың әдеби, рухани және саяси өмірі. Мен бір кезде депутатта болдым, жазушылармен бірге жүрмін, көптеген адамдарды көрдім. Ойға түйген нәрселерім көп. Соларды кейінгі ұрпаққа қалдырайын дегенім ғой.

- Уақытыңызды бөліп сұхбат бергеніңізге көп-көп рахмет. Сізге зор денсаулық тілеймін. Жаңа жыл жаңа табыс әкелсін. Осылай бізге жанашыр аға болып жүре беріңіз!

**Абай-Ақпарат (26.02.2015)**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# 15 АҚПАН - КЕҢЕС ӘСКЕРІНІҢ АУҒАНСТАННАН ШЫҒАРЫЛҒАН КҮНІ

***Өткен ғасырдың әрбір белесі қазақ халқы үшін сын мен серттің, қайсарлық пен қасіреттің кезеңі болды. Аштықтың ащы зардабы, зұлмат жылдардың зар-мұңы, Ұлы Отан соғысының жалыны – мұның бәрі ұмытылмайды, ел жадында мәңгі сақталып қалмақ. Сол бір қатігез дәуірлерде қазақтың қаракөз ұл-қыздары ел намысын ту етіп, тағдырдың тәлкегіне тайсалмай жау алдына қарсы тұрды. Олардың қатарында ХХ ғасырдың соңындағы Ауған соғысының ардагерлері де бар. Ол да талай шаңыраққа салмақ салған, талай жүрекке жара салған тарихи кезеңдердің бірі болды.***





Биыл сол күнге 37 жыл толды. Осы датаға орай Талдықорған қаласының Орталық саябағындағы Ауған соғысының жауынгерлері ескерткішінің басында салтанатты гүл шоқтарын қою рәсімі өтті. Бұл – жай ғана күнтізбедегі дата емес, тағдырлы жылдарды еске алып, боздақтардың рухына тағзым ететін, тірілердің бір сәт үнсіз қалып, өткенге ой жүгіртетін сәті.



1979–1989 жылдар аралығындағы Ауған соғысына Қазақстаннан 22 мыңнан астам азамат қатысқан. Олардың 761-і елге оралмады, 21 сарбаз хабарсыз кетті. Үш мыңға жуық жауынгер мүгедек болып қайтты. Әрбір санның артында – үзілген үміт, күткен ана, аңсаған жар, жетім қалған бала тұр.

Ескерткіш маңына жиналған ардагерлер мен қала тұрғындары гүл шоқтарын қойып, қаза болған жауынгерлердің рухына құран бағыштады. Көпшіліктің жүзінен толқыныс байқалды. Бірі иығына ауыр жылдардың салмағын арқалап келген, бірі әкесінің, ағасының немесе ауылдасының есімін тасқа қашап жазылған тізімнен іздеген. Жылдар өтсе де, жауынгер жүрегіндегі сол бір кезеңнің табы өшпегені анық сезіледі.

Жетісу облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ермек Келімсейіт бұл күннің мәнін ерекше атап өтті.

– 15 ақпан – ардагерлер үшін жай ғана тарихи дата емес, құрмет пен еске алу күні. Ескерткіш басына келіп, қаза тапқан жандардың аруағына тағзым ету – азаматтық парыз. Ал бүгінгі буынның міндеті – жас мемлекетіміздің іргесін бекітіп, әділетті қоғам құру жолында елге қолдау білдіру. Бейбіт өмірдің қадірін ұғындыру, өскелең ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеу ісінде ауған соғысы ардагерлерінің орны бөлек, - екенін айтты.

Салтанатты жиында сөз алған ҚР Парламенті Сенатының депутаты Ғалиасқар Сарыбаев та ардагерлерге құрметін білдірді.

– Ауған соғысына аттанған 22 мың қазақстандықтың әрқайсысы ел тарихында өз орны бар азаматтар. Тәуелсіздік пен бейбітшіліктің қадірін майдан даласын көрген буыннан артық ешкім сезіне алмайды. Бүгінде олардың ең жасы 63-тің асуына жеткен, уақыт алға жылжығанымен, жауынгерлік достық пен ортақ естелік мәңгі сақталады, - деп атап өтті. Сонымен қатар, әлемдегі тұрақсыздықты тілге тиек етіп, бейбіт елде өмір сүріп отырғанымыздың өзі үлкен бақыт екенін еске салды.

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Болат Керімбек да ардагерлердің ерлігі кейінгі ұрпақ үшін тағылым екенін айтты. Ел бірлігі мен тыныштығының қадірін соғысты көрген жандардан артық ешкім түсінбейтінін, олардың әрбір жасаған ерлігі жас буынның жадында сақталуы тиіс екенін жеткізді.



Шараның жалғасы Окушылар сарайында ұйымдастырылған концерттік бағдарламаға ұласты. Патриоттық әндер шырқалып, сахналық қойылымдар қойылды. Өнер азаматтарының орындауындағы әрбір ән бейбіт өмірге деген алғыс пен құрметтің көрінісіндей әсер қалдырды. Сахна төрінде өрілген өнер – өткенге тағзым, бүгінге шүкіршілік, ертеңге сенім іспетті болды.

Іс-шара барысында жастарды патриоттық рухта тәрбиелеуге белсенді үлес қосып жүрген бірқатар ардагерлер марапатталды. Рамиль Утеев, Серік Ермағанбет, Әділбай Қалпебаев қала әкімінің Құрмет грамотасына ие болды. Аманкелді Омаров пен Үсен Жүнісов Алғыс хатпен марапатталды. Бұл марапаттар – олардың майдан даласындағы ғана емес, бейбіт күндегі қоғамдық белсенділігіне берілген баға.

## ЕРЛІК КӨРСЕТКЕН ЕРЛЕРДІ БІЛІП ЖҮРЕЙІК

Оқырман қауым, осы мақаланы оқыған әр жан қанды майданды көріп, ажалмен бетпе-бет келген ержүрек азаматтарды танысын, олардың тірі тарих екенін сезінсін деген ниетпен бірнеше Ауған соғысының ардагерлерімен шағын сұхбат жүргізген едік.

Күнғожанов Қасымхан – Еркін ауылының тумасы. Оқуын аяқтаған соң небәрі 20 жасында, 1981 жылы Ауғанстанға аттанып, 1983 жылға дейін әскери борышын өтеген. Алдымен үш айлық дайындықтан өткен. Кейін 50–60 сарбаздан құралған топпен соғыс аймағына жіберілген.

– Соғысқа барған соң қайсысын санап үлгересің? Әр тапсырмадан кейін бір-екі азаматтан айырылып қайтатын кездер болды. Ондай жерде «тірі қаламын» деп ойламайсың. Жанындағы жолдастарың кеткен сайын, ертең кезек саған да келетінін сезіп тұрасың. Ұйқы да жоқ. Отырған жеріңде мызғып аласың. Қай жерде отырсаң да, сақтықпен, дайындықпен жүресің, – дейді ол.

Қасымхан соғыстың аяқталған сәтін ерекше сезіммен емес, шаршаған, мең-зең күйде қарсы алғанын айтады. «Сол жылдары біз көп нәрсенің қадірін ұқтық. Су таппай қиналған күндер болды. Мұндайды көрмеген адамға түсіндіру қиын. Біз көзімізбен көрген соң ғана білеміз. Соғыстың аты – соғыс. Қан төгіледі, азаматтар бақилық болады. Жас ұрпақ ондайды көрмей-ақ қойсын», – дейді ардагер.

Қаратал ауданының Кәлпе ауылында туып-өскен Калпебаев Әділбай 1981 жылдың күзінде 18 жасында Ауғанстанға аттанған. Жас сарбаз 602-батальон құрамында тасымал қызметінде болған. «Колоннамен авиациялық керосин, құрылыс материалдарын тасыдық. Ауған жерінде әрбір жүк – жауапкершілік. Жолдың әр шақырымы қауіп. Бірақ бұйрық – заң», – деп еске ала отырып, мемлекет тарапынан көрсетіліп жатқан қолдауларға да тоқталды. 2019 жылы 6-ықшам ауданнан екі бөлмелі пәтер алған. Қоғамдық көлікте тегін жүру, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудан босатылу, салық жеңілдіктері, ай сайынғы жәрдемақы, мереке қарсаңында жергілікті әкімдік тарапынан берілетін қолдау – мұның бәрі ардагерлерге көрсетілген қамқорлықтың бір көрінісі. «Жыл сайын емделуге барып тұрамыз. Медициналық көмек тегін. Мемлекет бермей жатыр деуге болмайды», – дейді ол.

Көксу ауданы, Қаблиса жырау ауылының тумасы Қажымұқан Жазылбаев та 1981 жылы әскерге шақырылып, Әділбай Калпебаевпен бірге Ауғанстанға жіберілген. Екі жыл бойы майдан даласында болып, жанар-жағармай, керосин тасымалдаумен айналысқан. «Соғыстың аты – соғыс. Ол жерде өлім де, қауіп те қатар жүреді. Бірақ аман-есен елге оралдық. Ең бастысы – елімізде мұндай зұлмат болмасын», – дейді ол.

Ардагерлер үшін 15 ақпан – ерекше күн. Бұл – бір жағынан еске алу күні, екінші жағынан Ауған жерінен аман шыққан күнді еске түсіретін қуаныш сәті. «Біз бірінші кірдік, бізден кейінгі інілеріміз барды. Соңғы сарбаздар 1989 жылы шықты. Соғыс аяқталғанда ерекше қуанышта болдық. Ажалдың ортасынан аман келгенімізге шүкір дедік», – дейді Қажымұқан.

Мақала жазып отырып, олардың сөзінде бір ортақ ой барын аңғардым. Ол – бейбітшіліктің бағамын білу, ол үшін шынайы алаңдау. «Ел болғасын туымыз бар, жеріміз бар. Оны қорғайтын азаматтар керек. Жастардың патриоттық сезімі мықты болуы тиіс. Елін, жерін қорғау – қасиетті борыш. Қазақстанымыз әлемге танылып келеді. Сол елдің тыныштығын сақтау – әр буынның міндеті», – дейді ардагерлер.

Бүгінгі шара барысында олар концерттік бағдарламаны тамашалап, көк туды көкке көтеріп тұрған жас буынды көріп қуанды. «Туды желбіретіп тұрған балаларды көргенде көңіліміз толады. Біз көргенді олар көрмесе екен дейміз. Бейбіт өмірдің қызығын көрсін», – дейді тебірене.

Ауған соғысының ардагерлері – тарихтың тірі куәгерлері. Олар жастық шағын оқ пен оттың ортасында өткізді. Бүгінде ел ішінде патриоттық тәрбиеге үлес қосып, кейінгі буынға соғыстың шындығын айтып жүр. Ерлік – ұранмен емес, іспен дәлелденетін ұғым. Сол ерлікті жасаған азаматтарды танып, құрметтеу – бүгінгі ұрпақтың парызы.

P.S. Ескерткіш басындағы гүлдер солмайды, естеліктер өшпейді. Уақыт жылжыған сайын батырлардың бейнесі биіктей түсетініне біз сенімдіміз. Ерлік – ұмытылмайтын ұғым. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, көк туымыз биікте желбірей берсін. Бейбітшіліктің бағасын білген халық қана болашағын баянды ете алады.



*Қажымұқан Жазылбаев және Әділбай Калпебаев*

**Гүлнұр БАЙМҰХАН**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# ЖАЛАЙЫР МҰҚАЛИ ГО ВАН – БАТЫР!

## (ТОЛҒАУ)



(1170-1223 жж.)

### 1. ЖЫР - БАСТАУ

Уа, жаратқан тәңірім!
Таудан аққан сарқырап,
Тау суындай тасайын.
Жыр-Құлагер атыма,
Қамшымды мен басайын!
Мұқали бабам жайында,
Жырдан шашу шашайын!
Талай ғасыр өтседе,
Тарих сырын ашайын!

Өлең арнау оңай ма?
Көп ойландым, толғандым.
Ақырында сыйынып,
Қаламымды қолға алдым.

«Толғауы тоқсан қызыл тіл»,
Сөздерімді кәміл ет!
Өзің жайлы толғайтын,
Жүрегімді сабыр ет!
Сөз бастайын ендеше,
Тілегімді қабыл ет!

### 2. ӘЛКИССА, ШЫҢҒЫСХАН МҰҚАЛИДЫ САРАЙЫНА ШАҚЫРУЫ

Әр мынау атқан таңның арайына,
Бақытын өз халқымның балайын ба?
Шыңғысхан жинап бүкіл нояндарын,
Шақырды Мұқалиды сарайына.

Байқаймын жанып тұрған көзің нұр - ай,
Жаратқан жан боларсың төзім шыдай.
Шыңғысхан от жанарын қадап тұрып,
Бастады Мұқалиға сөзін былай:

« Уа, Мұқали! Мұқали!
Жанып тұрған отсың ғой.
Қарып тұрған шоқсың ғой.
Қайраттысың білекті,
Айбаттысың жүректі!
Орындайсың екі етпей,
Айтар жақсы тілекті.
Тура қарап көзіме,
Құлақ түрші сөзіме.
Уа, Мұқали баһадүр,
Сенем жалғыз өзіңе!
Жігеріңді қайрадым,
Байлық емес бақытты,
Қанжығаңа байладым!
Го Ван деген ат беріп,
Жүз басы қып сайладым!

Менің саған сыйым бар,
Ел алдында берейін.
Баһадүр, батыр, ерenім,
Үстем болсын мерейің!

Белгісі болсын биліктің,
Ашатұғын бақ-сырды.
Мұқалиға арнайы,
Ел алдында Шыңғысхан,
«Алтын мөрді» тапсырды.

Атыңа қон сен енді,
Мұзбалақ бүркіт қыраным!
Мұқали деген атың бар,
Алдыңнан шықсын ұраның!

Бағынса жұртым маған да,
Бағынсын енді саған да.
Мұқали батыр осыны,
Өзіңде іштей бағамда».
Деп Шыңғысхан осылай,
Батасын берді оған да.

### 3. СОНДАҒЫ МҰҚАЛИДЫҢ ШЫҢҒЫСХАНҒА ЖАУАБЫ

Шыңғысханның тіке қарап өткір қатал
көзіне,
Жауап берді Мұқали да сөзіне:

« Уа, жаратқан хан ием!
Көтеріп жүрсің қашанда,
Ауыр жүгін нардың да.
Тұран әлемінің ұлы қағаны,
Басымды идім алдыңда!

Әділ болса егер де,
Адал досты сатпаймын.
Батыл болса шайқаста,
Батылдығын мақтаймын.
Жалған сөзге өмірде,
Басымды иіп жатпаймын.
Елін сүйген ер болса,
Адалдығын жақтаймын.
Әділ сөзді мақұлдап,
Қаңқу сөзді бақпаймын,
Сенім маған артсаңыз,
Сеніміңді ақтаймын!
Айла, тәсіл, жүрекпен,
Әскерімді баптаймын.
Қарсы келген жауларды,
Табаныммен таптаймын!
Жерім үшін қан төгіп,
Бірлігіңді сақтаймын!
Әділдік үшін күрессең,
Әділдікті жақтаймын»!

Жанарынан от шашып,
Жанып тұрған өрт пе еді.
Қолын қойып жүрекке,
Мұқали тұрып серт берді.

### 4. МҰҚАЛИ БАТЫР, ГЕНЕРАЛИССИМУС

Батырлардың батыры,
Жүректінің жүрегі.
Жалпақ жатқан елінің,
Қолдаушысы, тірегі.
Туа біткен анадан,
Тау тұлғалы ірі еді.
Әлемге аты жайылған,
Генералиссимустің бірі еді!

Алла өзі жаратқан,
Жауға шапса арыстан.
Құрыш білек, апай төс,
Жаратылған намыстан.
Жолбарыстай жорықта,
Жауды жеңген шабыстан.
Ойы биік, орамды,
Болжай білген алыстан.
Елін сүйген аса бір,
Ақылы асқан данышпан!

Сонау жатқан Қайырдан,
Аттың басын қайырған.
Сол кездерде Мұқали,
Жаудың жағын айырған!

Кореямен Пекинді,
Бағындырған – Мұқали!
Шүршіттерді өзіне,
Табындырған - Мұқали!

Жалайырдың баласы,
Асып туған – Мұқали!
Жанарынан нұр сәуле,
Шашып тұрған – Мұқали!
Тау суындай таусылмас,
Тасып тұрған – Мұқали!
Қаһарланса мысымен,
Басып тұрған - Мұқали!

Қытайдың қанша қаласын,
Жаулап алған - Мұқали!
Қарсы келген дұшпанын,
Баурап алған – Мұқали!

Атқа қонса ақберен,
Алып тұлға – Мұқали!
Жауға шапса от болып,
Жанып тұрған - Мұқали!
Тиген жерін күйдіріп,
Қарып тұрған - Мұқали!
Атқан оғы жауына,
Дарып тұрған – Мұқали!

Шыңғысханның оң қолы,
Қыран бүркіт – Мұқали!
Қазағымның өзіне,
Ұранды үміт – Мұқали!
Тәңірдің өзі жаратқан,
Құранды құт - Мұқали!

### 5. МҰҚАЛИ БАБАМЫЗДЫҢ БАСЫНА ЗИЯРАТ ЕТУ

Жан болса егер бақытқа тойынбаған,
Тұрады екен жақсының ойында адам.
Жалайырдың ұрпағы Мұқалиды,
Қытай елі бағалап мойындаған.

Ұрпақтардың сарқылмас санасында,
Жырым болып сен бүгін жанасың ба?!
3-гектардай арнайы жер бөлінген,
Юйлинь атты қытайдың қаласында.

Жорықтарда жан беріп, баптай білген,
Әр уақыт серттерін сақтай білген.
Жерленіпті сол жерге 14-генерал,
Мұқалидың сенімін ақтай білген.

Ұрпақтары ұлықтап Мұқалидай,
Бабамыздың басына барып қайтты.
Рухынан нәр алып қасиетті,
Жүректері от болып жанып қайтты.

Тұрғызылған зәулім тас ескерткішін,
Өздерінің көзімен көріп қайтты.
Қан шығарып, басына құран оқып,
Топырағын бабаның алып қайтты.

Жүректерде ерлігі қалса жанып,
Сыйынумен өтеді барша ғаріп.
Бабамыздың басына тағзым етіп,
Келіп-кетіп жатады қанша халық!

Жалайырдың ұрпағы ,уа, бауырлар!
Бабамыздың рухын қорлатпаймыз!
Шыңғысханға ескерткіш орнатқанда,
Біз неге Мұқалиға орнатпаймыз!

Алда талай жасалар жобаң жатыр,
Бар халқыңды бас қоссын соған шақыр!
Ұрпақтардың есінде мәңгі қалды,
Мұқалидай Жалайыр Го Ван - Батыр!

### 6. ТҮЙІНДЕУ

Ата-баба, жас ұрпақтың шешімі,
Нық болады айтқан ақыл, кесімі.
Қазақ елі қастерлейді бас иіп,
Өлмек емес Мұқалидың есімі!

Тәуелсіздік таңымменен таң күліп,
Бара жатыр тау, тасыңда жаңғырып.
Арыстандай айбатымен тау тұлға,
Өткен екен бар әлемді таң қылып!

Бүгінгі ұрпақ есіне алып өзіңді,
Жатыр міне, жыр қылып та, ән қылып!
Жалайырдың батыр ұлы Мұқали,
Атың қалды тарихымда мәңгілік!

**Сайлаубай Тойлыбаев,**
**ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты**
**Алматы қаласы**

### МҰҚАЛИ ГО ВАН-БАТЫР!

*Сөзін жазған: Сайлаубай Тойлыбаев,*
*Әнін жазған: Ағайша Исағұлова.*

Жаралған алтын бесік бағың нұрдан,
Ер едің ерлігіңмен табындырған.
Оң қолы Шығысханның әскер басы,
Әлемнің талай жерін бағындырған.

**Қайырмасы:**
Аңыз боп жеткен байтақ даламызға,
Өшпейтін тарихың бар санамызда.
Бас иіп тағзым етер бүгінгі ұрпақ,
Мұқали Го Ван-Батыр бабамызға!

Бойында құрыш білек нар ұстаным,
Жеңетін жекпе-жекте алысқанын.
Шапқанда атқа қонып жауға қарсы,
Сен едің жау жүректі арыстаным!

Ер едің жауға салса жанып тұрған,
От едің, қайсар мінез қарып тұрған.
Қазақтың маңдайына біткен-Батыр,
Ұрпағы Жалайырдың алып тұлғам!

Ұлықтап ерлігіңді әнімізбен,
Сүйеміз барша ұрпақ жанымызбен.
Есімі бабамыздың мәңгі жасап,
Өшпейді Тәуелсіздік таңымызбан!

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# СҰЛУЛЫҚ – СЕНІМ АЙНАСЫ

**Қазіргі қоғамда сұлулық ұғымы бұрынғыдан өзгеше сипат алды. Егер бір кездері табиғилық пен қарапайымдылық басты орында тұрса, бүгінгі таңда күтім, эстетика, өзін-өзі дамыту – заманауи адамның өмір салтына айналды. Әсіресе әлеуметтік желілердің қарқынды дамуы сұлулық индустриясына жаңа серпін берді. Instagram мен TikTok желілерінде таралатын трендтер, фильтрсіз мінсіз тері, айқын ерін, тегіс маңдай – мұның бәрі косметология саласына деген қызығушылықты арттыруда десек болады.**





Бірақ косметология – тек сән қуалау емес. Бұл – жауапкершілік, білім, тәжірибе мен адам денсаулығына деген құрметті талап ететін сала. Осы тақырыпта біз дәрігер-неонатолог әрі косметолог Ақерке Нұрболатқызымен сұхбаттасқан едік.

**– Ақерке ханым, өзіңіз туралы кеңірек айтып берсеңіз. Косметологияға келу жолыңыз қалай басталды?**

– Мен Жетісу өңірінің тумасымын, Ескелді ауданы Қарабұлақ ауылында бой жеткенмін. Мектепті аяқтаған соң Семей медициналық университетіне оқуға түсіп, бес жыл бойы жалпы медицина мамандығын меңгердім. Кейін Павлодар қаласында интернатураны оқып, резидентурада нақты неонатология мамандығын таңдадым. Қазір перзентханада жұмыс істеймін, жаңа туған нәрестелердің денсаулығына жауаптымын.

Косметологияға қызығушылығым студенттік шақта оянды. Сұлулық индустриясындағы жаңалықтарды бақылап, түрлі процедуралардың қалай жасалатынын зерттей бастадым. Бет тазарту, пиллинг деген сияқты процедураларға баратынмын. Уақыт өте келе Алматы қаласындағы ресейлік университетте косметология бойынша білім алдым. Оның дипломы СНГ елдерінде қолданысқа жарамды. Алғашында клиникаларда жұмыс істеп тәжірибе жинадым. Кейін Талдықорғанға келіп, жеке кабинет аштым. Қазір екі саланы қатар алып келемін.

**– Дәрігерлік қызмет пен косметологияны қатар алып жүру қиын емес пе?**

– Екі саланың табиғаты бөлек болғанымен, түпкі мақсаты бір – адамға қызмет ету. Перзентханада мен өзгелердің өмірі үшін күресемін, ал косметологияда адамның өзіне деген сенімін арттыруға үлес қосамын. Бірі – үлкен жауапкершілік, екіншісі – эстетика мен қуаныш сыйлайтын орта. Бірақ екеуі де мен үшін жүрекпен жасалатын жұмыс.

**– Қазіргі таңда ең сұранысқа ие процедуралар қандай?**

– Ең алдымен бет тазарту дер едім. Бұл – базалық күтім. Акне, май бездерінің бітелуі, терінің күңгірттенуі сияқты мәселелерде өте тиімді. Жасөспірімдерден бастап ересек адамдарға дейін келеді. 18 жасқа толмағандарды ата-анасының рұқсатымен қабылдаймыз.

Екінші орында – ерінді үлкейту. Бұл процедураға сұраныс өте жоғары. Жас қыздар да, жасы үлкен кісілер де келеді. Егде жастағы адамдар еріннің табиғи көлемін қалпына келтіру үшін жасатады. Ер азаматтар да ылғал мен форма беру мақсатында менің қызметіме жүгінетін жағдайлар болып тұрады.

Ботокс та кең таралған. Ол маңдайдағы, көз айналасындағы, жалпы бет, мойындағы әжімдерді тегістеуге көмектеседі. Нәтижесі екі апта ішінде толық көрінеді. Мен жұмыс барысында әрдайым табиғилықты сақтауға тырысамын. Клиенттеріме де соны айтып, кеңесімді беремін.

**– Блефаропластика мен плазмолифтинг туралы не айтасыз?**

– Блефаропластиканың жіп арқылы жасалатын түрі маған ұнайды. Бұл әдісте тері кесілмейді, сондықтан тыртық қалмайды. Оның операция арқылы жасалатын түрінде теріні кесіп ішіндегі артық теріні алып қайта тігеді ғой. Ондай кезде қанша сапалы тігіс болса да тыртық бәрібір көрінетін болады. Ал жіп арқылы жасағанда біз теріні мүлдем кеспейміз. Алдымен консультация жасап, табиғи немесе үлкен қабақ жасайтынымызды анықтаймыз. Жіп тінге еніп, сәйкес келмей қалу деген болмайды. Ол 1 жылдан 6 жылға дейін шыдайды. Оны босаған кезінде қайта ауыстыруға болады. Бұл процедураға көбіне жас қыздар келеді.

Ал плазмолифтинг – менің ең сүйікті процедураларымның бірі. Ол адамның өз қанынан алынған плазма арқылы жасалады. Ол ағзадағы табиғи, пайдалы зат. Теріні жаңартып, ылғалдандырады, қара дақ пен безеуге қарсы тиімді. Шашқа немесе вагиналды жағдайларда да жасалады. Жақсы әсер етеді. Ораза кезінде плазманың сапасы өте сапалы болады. Себебі ағзамыз тазарады ғой.

Табиғи әдіс болғандықтан жас қыздарға ботокс, липолитик сияқты ауыр процедураларға асықпай, алдымен осыны таңдауға кеңес беремін.

**– Қазіргі таңда косметология саласында қандай мәселелер алаңдатады?**

– Ең үлкен мәселе – біліксіз мамандардың көбеюі. Медициналық білімі жоқ адамдар қысқа мерзімді курстардан өтіп, күрделі процедуралар жасап жүр. Бұл өте қауіпті. Препараттың сапасы мен дұрыс техника – білікті маман үшін басты талап. Мен әр препаратты клиенттің көзінше ашып, жарамдылық мерзімін көрсетемін. Денсаулық бәрінен маңызды болғандықтан өзім де оқулар өткізген кезде бірінші шәкірттерімнен медициналық білімі болуын талап етемін. Медбике немесе фельдшер мамандығын меңгерген болса да болады. Себебі медициналық білімі бар адам, өзге адамның денсаулығына қандай жағдайда алаңдауға, дұрыс емес жұмыстарды аңғаруға қабілеті бар.

**– Клиенттеріңіздің жас ерекшелігі қандай?**

– Әртүрлі. Көбіне 18-40 жас аралығындағы қыз-келіншектер мен ер азаматтар келеді. Жасөспірімдер бет тазартуға жиі жүгінеді. Тіпті кимешек киген әжелеріміз де «Ешкім жоқ кезде келейін. Жас балалардан ұят болып қалады» деген сөздерді айтып келеді. Менің ойымша сұлулыққа ұмтылу жас талғамайды.

**– Қызмет бағалары қандай деңгейде?**

– Баға қолданылатын препаратқа байланысты. Американдық, корейлық, еуропалық, немістік препараттар бар. Бағасы 30-90 мың аралығында. Ботокс аймаққа байланысты көздің айналасы, қабақтың ортасы және маңдай 30 мың теңгеден басталады, толық бетке 55 мың



теңге шамасында. Ерін жасау 20-30 мың теңге аралығында. Бет тазарту жеңілдікпен 10 мың теңге. Тұрақты клиенттерге әрдайым жеңілдіктер қарастырылған.

**– Косметологиядан қорқатын жандарға не айтар едіңіз?**

– Қорқудың қажеті жоқ. Ең бастысы – сенімді, білікті, медициналық білімі бар маманды таңдау керек. Сұлулық тек сыртқы өзгеріс емес, ол адамның ішкі сенімімен тығыз байланысты. Егер процедура дұрыс, қауіпсіз жасалса, ол адамға қуаныш пен сенім сыйлайды.

**– Ақерке ханым уақыт бөліп, сұхбаттасқаныңызға рахмет. Жұмысыңыз жемісті болсын.**

**Гүлнұр ЕРМҰХАНҚЫЗЫ**

## ЖЕДЕЛ-СҰХБАТ

# СҰЛУ БОЛҒЫҢ КЕЛЕ МЕ?

**Мерқали Алтынай:**

– Қазіргі таңда жас қыздардың көбі бет-бейнесіне түрлі өзгерістер енгізуге әуес. Ерін үлкейту, бет пішінін өзгерту, түрлі инъекциялық процедуралар жасату сәнге айналғандай. Әрине, әдемі болуға ұмтылу табиғи құбылыс. Дегенмен, шамадан тыс өзгеріс жасау табиғи сұлулықты көлеңкеде қалдырады. Әсіресе студент жасындағы қыздар асығыс шешім қабылдамай, алдымен тері саулығына, дұрыс күтімге мән бергені жөн. Табиғилық ең үлкен сұлулық. Өз-өзіңді қабылдай білу, теріні күтіп-баптау әлдеқайда маңызды деп ойлаймын, – дейді ол.

**Айдана Аманжолқызы:**

– Әлеуметтік желілерде мінсіз бейнелерді көріп, көп қыздар өз келбетіне көңілі толмай қалады. Соның әсерінен түрлі косметологиялық процедураларға ерте жастан жүгінеді. Менің ойымша, бұл дұрыс емес. Әр адамның өзіне ғана тән ерекшелігі, табиғи көркі бар. Сол сұлулықты жоғалтпай, дұрыс күтім жасап, денсаулыққа мән беру маңызды. Табиғи таза тері – кез келген косметикалық өзгерістен әлдеқайда әдемі, – деп жеткізді.

**Ирина Веснина:**

– Қазір бетке жасалатын процедуралар өте көп, әрі қолжетімді болып барады. Бірақ оның бәрі қауіпсіз дей алмаймыз. Кейбір қыздар салдарын ойламай, арзан әрі сапасыз қызметтерге жүгінеді. Соның кесірінен түрлі асқынулар, аллергия, тері проблемалары туындап жатады. Сондықтан кез келген өзгеріс жасамас бұрын, білікті маманмен кеңесіп, денсаулықты бірінші орынға қою керек деп есептеймін.

**Автор:** Жалпы, жастар арасында сұлулыққа деген ұмтылыс артып келеді. Алайда мамандар мен студент жастардың пікірінше, ең бастысы – табиғи келбетті сақтау, терінің саулығына көңіл бөлу және саналы таңдау жасау. Өйткені шынайы сұлулық – күтімде, денсаулықта және өз-өзіңе деген сенімде.

**Сания ЕРНЕСҚЫЗЫ,**
**ЖУ студенті**

# СҰЛУЛЫҚ ИНДУСТРИЯСЫ: ТАҢДАУ МА, ТӘУЕЛДІЛІК ПЕ?

***Соңғы жылдары косметология саласына қызығушылық айтарлықтай артты. Ерінді үлкейту, ботокс салдыру, блефаропластика сияқты процедуралар бұрын тек жұлдыздарға тән дүние болып көрінсе, бүгінде көпшілік үшін қалыпты құбылысқа айналып келеді. Дегенмен қоғамда бұл мәселеге көзқарас әртүрлі: бірі қолдаса, бірі қарсы, енді бірі бейтарап қарайды. Осы тақырыпта бірнеше қыздың пікірін білген едік.***

Арай (20 жаста) косметологиялық процедураларды құптайтынын жасырмайды. Оның айтуынша, бұл - адамның өзіне деген сенімділігін арттыратын мүмкіндік.

- Егер адам өз келбетіне көңілі толмаса, оны түзетуге неге болмайды? Ерін жасату немесе ботокс - денсаулыққа зияны жоқ деп есептеймін. Өзімді күтудің бір тәсілі деп қараймын, - дейді ол.

Осы пікірге жақын көзқарасты Аяжан (19 жаста) да қолдайды. Ол мұндай процедураларды заман талабы ретінде бағалайды.

- Қазір қоғам сырт келбетке мән береді. Кейде көз асты ісінуі немесе қабақтың салбырауы адамның шаршаңқы көрінуіне себеп болады. Блефаропластика сияқты операциялар адамның жас әрі сергек көрінуіне көмектеседі. Бұл - жеке таңдау, ешкімге зияны жоқ, -дейді ол.

Ал Динара (35 жаста) Ол косметологияға қарсы екенін айтады.

- Табиғилық жоғалып бара жатыр. Қыздардың бәрі бір-біріне ұқсап кеткендей. Оның үстіне мұндай процедуралар арзан емес, кейде денсаулыққа кері әсері болуы мүмкін. Адам өзін қандай болса, солай қабылдауы керек деп ойлаймын, - дейді ол.

Ал Аяулым (20 жаста) бұл мәселеге бейтарап пікір ұстанады.

- Бір жағынан, адам өзіне ұнау үшін бәрін жасауға құқылы. Екінші жағынан, шектен тыс әуестік дұрыс емес. Егер шын қажеттілік болса ғана жасату дұрыс деп ойлаймын, - дейді.

Жалпы алғанда, косметология саласы қоғамда қызу пікірталас тудыратын тақырыптардың бірі болып отыр. Бірі оны өзін дамыту мен күтімнің белгісі десе, енді бірі табиғилықтан алыстату деп санайды. Қалай болғанда да, бұл - әр адамның жеке таңдауы. Ең бастысы - шешім саналы түрде қабылданып, денсаулық пен қауіпсіздік бірінші орында болуы тиіс.

**Дария ТАСҚЫНҚЫЗЫ,**
**ЖУ студенті**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# 90 ТЫСЯЧ ИП ПЕРЕШЛИ В САМОЗАНЯТЫЕ

**С НАЧАЛА ЯНВАРЯ СВЫШЕ 26 ТЫСЯЧ НАЛОГОПЛАТЕЛЬЩИКОВ ОБРАТИЛИСЬ ЗА БЕСПЛАТНЫМИ КОНСУЛЬТАЦИЯМИ В РАМКАХ АКЦИИ «НАРОДНЫЙ БУХГАЛТЕР». ОБ ЭТОМ СООБЩИЛ РУКОВОДИТЕЛЬ УПРАВЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ ДЕПАРТАМЕНТА ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ КОМИТЕТА ГОСУДАРСТВЕННЫХ ДОХОДОВ МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ РК ДУМАН КАНСЕИТОВ В ЭФИРЕ РАДИО JIBEK JOLY, ПЕРЕДАЕТ КОРРЕСПОНДЕНТ АГЕНТСТВА KAZINFORM.**




По его словам, акция стартовала 5 января в связи с вступлением в силу нового Налогового кодекса и переходом к сервисной модели налогового администрирования.

**– Цель акции – поддержка предпринимателей, повышение качества ведения бухгалтерского учета и внедрение норм нового**



**Налогового кодекса. Мы переходим к сервисной модели, где акцент делается не только на фискализацию, но и на оказание качественных услуг налогоплательщикам, – отметил Думан Кансеитов.**

Акция проводится во всех управлениях государственных доходов городов республиканского и областного значения. В ней участвуют 14 профессиональных организаций бухгалтеров, официально зарегистрированных в Минфине. Более 100 специалистов изъявили желание консультировать предпринимателей на безвозмездной основе.

Консультации проходят три раза в неделю с 10:00 до 13:00. Предприниматели могут получить разъяснения по вопросам смены налогового режима, подачи деклараций, применения налоговых льгот и вычетов, постановки и снятия с учета по НДС, а также по использованию электронных счетов-фактур.

**– Основные вопросы связаны со сменой режима налогообложения, порядком сдачи деклараций, порогом постановки на НДС, разрешенными видами деятельности для самозанятых. Мы консультируем совместно с бухгалтерами и сотрудниками органов госдоходов, – пояснил спикер.**

Отдельное внимание уделяется новому режиму для самозанятых. По данным КГД, на сегодняшний день в этом статусе зарегистрировались более 225 тысяч человек, из которых порядка 180 тысяч – новые налогоплательщики.

**– Это самый простой режим. Гражданин регистрируется в приложении, выбирает вид деятельности, пробивает чек и уплачивает 4% социальных платежей. Налог с дохода**



**не взимается. Таким образом, люди могут легально оказывать услуги без регистрации ИП, – сообщил Думан Кансеитов.**

По его информации, около 90 тысяч индивидуальных предпринимателей прекратили деятельность и перешли в статус самозанятых. При этом открыто 44 тысячи новых ИП.

В рамках сервисной модели КГД внедряет ряд цифровых решений. В частности, сокращено количество форм налоговой отчетности — с 41 до 28. Запущен механизм предзаполнения деклараций, в том числе по НДС.

**– Мы начали предзаполнение 300-й формы декларации по НДС. В личном кабинете налогоплательщик получает уже сформированный документ. Если он согласен — подписывает, если нет — корректирует и отправляет, – отметил представитель КГД.**

Кроме того, при несвоевременной сдаче отчетности налоговый орган будет автоматически формировать нулевые декларации без применения штрафных санкций и блокировки счетов.

**– Если в срок отчетность не представлена, на следующий день система автоматически проставит нулевую декларацию. Административные штрафы и блокировка счетов по этому основанию применяться не будут, — подчеркнул он.**

Также создается новая информационная система налогового администрирования, предусматривающая единый личный кабинет с сопровождением налогоплательщика на всех этапах – от регистрации до прекращения деятельности. Планируется интеграция более чем с 200 государственными базами данных.

По словам спикера, органы госдоходов оказывают 42 государственные услуги, из которых 99,6% предоставляются в электронном формате. В 2025 году было оказано порядка 17 млн госуслуг.

**– Смысл сервисной модели – государство как сервис, где главным становится удобство и результат для получателя услуги. Мы хотим, чтобы налогоплательщик не чувствовал административной нагрузки, а получал понятные и удобные сервисы, – заключил Думан Кансеитов.**

# 28 февраля 2026 года – последний день подачи уведомления о применяемом режиме налогообложения

**УВАЖАЕМЫЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛИ! 28 ФЕВРАЛЯ 2026 ГОДА – ПОСЛЕДНИЙ ДЕНЬ ПОДАЧИ УВЕДОМЛЕНИЯ О ПРИМЕНЯЕМОМ РЕЖИМЕ НАЛОГООБЛОЖЕНИЯ. НЕ ОТКЛАДЫВАЙТЕ ПОДАЧУ УВЕДОМЛЕНИЯ, ЧТОБЫ ИЗБЕЖАТЬ АВТОМАТИЧЕСКОГО ПЕРЕХОДА НА ОБЩЕУСТАНОВЛЕННЫЙ РЕЖИМ. В СООТВЕТСТВИИ С НОВЫМ НАЛОГОВЫМ КОДЕКСОМ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПРЕДУСМОТРЕНЫ ТРИ СПЕЦИАЛЬНЫХ НАЛОГОВЫХ РЕЖИМА: ДЛЯ САМОЗАНЯТЫХ, НА ОСНОВЕ УПРОЩЕННОЙ ДЕКЛАРАЦИИ И ДЛЯ КРЕСТЬЯНСКИХ И ФЕРМЕРСКИХ ХОЗЯЙСТВ.**

Налогоплательщикам, планирующим применять СНР на основе упрощенной декларации, необходимо не позднее 28 февраля 2026 года подать уведомление о применяемом режиме налогообложения.

Важно! В случае непредставления уведомления в установленный срок, налогоплательщик автоматически переводится на общеустановленный порядок налогообложения с датой начала применения – 1 января 2026 года.

Способы подачи уведомления:

- через Кабинет налогоплательщика (ИС ИСНА в разделе «Подать документы» – «Уведомление о применяемом режиме налогообложения»);
- через мобильное приложение «e-Salyq Business» («сервис» – «смена налогового режима ИП»);
- в УГД по месту нахождения (на бумажном носителе);
- через приложения банков второго уровня (в разделе «госуслуги» – «изменение реквизитов и налогового режима ИП»).



Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

# ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ЖӘНЕ 2026 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БАСЫМ МІНДЕТТЕР

**2025 ЖЫЛЫ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ БЮДЖЕТ ҚАРАЖАТЫНЫҢ ЗАҢДЫ, АШЫҚ ЖӘНЕ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНЫЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БАҒЫТЫНДАҒЫ ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСЫН ЖАЛҒАСТЫРДЫ.**

## Аудиторлық қызметтің негізгі нәтижелері

Есепті кезеңде барлығы 65 аудиторлық іс-шара өткізілді, оның ішінде 13-і жос-парлы, 52-сі жоспардан тыс. Аудитпен қамтылған қаражат көлемі 34 792,6 млн теңгені құрап, 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,7 есеге артты.

Тексеру нәтижесінде жалпы сома-сы 16 795,5 млн теңгеге бұзушылықтар анықталды, бұл аудитпен қамтылған қаражаттың 48,3%-ын құрайды.

Анықталған бұзушылықтардың құрылымы:

• қаржылық бұзушылықтар – 4 451,1 млн теңге (12,8%);

• рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар – 12 344,4 млн теңге (35,5%).

Анықталған қаржылық бұзушы-лықтардың барлық сомасы бюджетке өтеуге және қалпына келтіруге жатады.

Есепті кезеңнің қорытындысы бойын-ша:

• өтеуге жататын сома – 491,7 млн теңге, оның ішінде 78,8 млн теңге өтелді;

• қалпына келтіруге жататын сома – 3 924,8 млн теңге, оның ішінде 2 925,6 млн теңге қалпына келтірілді;

• бухгалтерлік есеп бойынша 34,6 млн теңге толық көлемде көрсетілді (100%).

Анықталған бұзушылықтарды жою және жауапты тұлғаларды жауапкершілікке тарту мақсатында ау-дит объектілеріне 63 ұйғарым жолданды. Тексеру қорытындысы бойынша 52 лау-азымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

## Камералдық бақылау нәтижелері

Мемлекеттік сатып алу саласындағы камералдық бақылау Департамент қызметінің маңызды бағыттарының бірі болып табылады.

2025 жылдың қаңтар–желтоқсан айлары аралығында жалпы сомасы 645,4 млрд теңгені құрайтын 16 929 лот камералдық бақылаумен қамтылуға тиіс болса, нақты 639 млрд теңге сомасы-на 16 812 лот қамтылды, бұл 99,3%-ды құрайды.

Бақылау нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды жою туралы 1 634 хабарлама жолданып, оның 1 578-і не-месе 96,5%-ы орындалды. 0,4 млрд теңге сомасына 56 хабарлама бойын-ша орындалу мерзімі есепті күнге дейін туындамаған.

Қамту деңгейінің және хабарламалардың орында-лу көрсеткішінің жоғары болуы профилактикалық бақылау тетігінің тиімділігін және бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану тәуекелдерінің төмендегенін көрсетеді.

## 2026 жылға арналған басым міндеттер

Мемлекеттік аудиттің тиімділігін одан әрі арттыру мақсатында 2026 жылға арналған негізгі міндеттер айқындалды:

• мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың барлық кезеңдерінде аудиторлық іс-шаралардың сапасын арттыру;

• аудиттің алдын ала зерде-леу институтын күшейту және аудит бағдарламаларын Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандарттары-на сәйкес жетілдіру;

• электрондық мемлекеттік аудитті кеңінен енгізу, оның ішінде жоспардан тыс аудиттерді толықтай электрондық форматта жүргізу;

• уәкілетті мемлекеттік органдар-мен бірлесіп сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейту;

• анықталған қаржылық бұзушылықтар бойынша қаражаттың толық өтелуін және қалпына келтірілуін қамтамасыз ету;

• Департамент ұйғарымдарының 100% орындалуына қол жеткізу;

• аудит материалдарының бастапқы сапа бақылауын жетілдіру;

• брифингтер, семинар-кеңестер, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар және дөңгелек үстелдер арқылы ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту;

• салынған әкімшілік айыппұлдардың бюджетке толық өндіріп алынуын қамтамасыз ету;

• талап-арыз жұмыстарын уақтылы жүргізу;

• жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін сапалы әрі уақтылы қарау.

Қойылған міндеттерді іске асыру бюд-жет қаражатының тиімді пайдаланылу-ын қамтамасыз етіп, Жетісу облысының қаржылық тәртібін одан әрі нығайтуға мүмкіндік береді.

**Ж. ШАЙМЕРДЕНОВ,**
**Жетісу облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің жоспарлай, талдау және сапаны бақылау бөлімінің басшысы**

***ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУ-ДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ 2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН КАМЕРАЛДЫҚ БАҚЫЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫН ШЫҒАРДЫ.***

***ҚАҢТАРДАН ЖЕЛТОҚСАНҒА ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢДЕ ЖАЛ-ПЫ СОМАСЫ 645,4 МЛРД ТЕҢГЕНІ ҚҰРАЙТЫН 16 929 ЛОТ ТЕКСЕРІЛУГЕ ЖАТТЫ. БАҚЫЛАУ НӘТИЖЕСІНДЕ 639 МЛРД ТЕҢГЕ СОМАСЫНА 16 812 ЛОТ ҚАМТЫЛДЫ, БҰЛ 99,3%-ДЫ ҚҰРАЙДЫ.***

***КАМЕРАЛДЫҚ БАҚЫЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША АНЫҚТАЛҒАН БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ ТУРАЛЫ 1 634 ХА-БАРЛАМА ЖОЛДАНЫП, ОНЫҢ 1 578-І ОРЫНДАЛДЫ (96,5%).***

# ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА КАМЕРАЛДЫҚ БАҚЫЛАУ: ЛОТТАРДЫҢ 99%-Ы ТЕКСЕРІЛДІ, БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ – 96%-ДАН АСТАМ

**Бақылаудың негізгі бағыттары:**

• **1-бағыт:** 386 млрд теңгеге 4 836 лоттың 4 813-і тексерілді (384,7 млрд теңге, 99,5%). 19,2 млрд теңгеге 413 хабарлама жол-данып, 18,8 млрд теңгеге 378 хабарлама орындалды.

• **2-бағыт:** 200,8 млрд теңгеге 1 263 лоттың 1 196-сы қамтылды (195,8 млрд теңге, 94,6%). 14,4 млрд теңгеге 128 хабарлама жол-данып, барлығы орындалды.

• **Баға ұсыныстарын сұрату тәсілі бойынша:** 33,6 млрд теңгеге 5 319 лоттың 5 295-і тексерілді (99,5%). 4,7 млрд теңгеге 753 хабарлама жолданып, 744-і орындалды.

• **Тікелей шарт жасасу тәсілі бойынша:** 25 млрд теңгеге 5 511 жоспар тармағының 5 508-і тексерілді (99,9%). 4,3 млрд теңгеге 340 хабарлама жолданып, 328-і орындалды.

Хабарламалардың орындалу деңгейінің жоғары болуы (96%-дан астам) Департаменттің бюджет қаражатының заңды жұмсалуын бақылау бойынша жүйелі жұмыс жүргізіп отырғанын көрсетеді. Мұндай шаралар қаржылық бұзушылықтар мен сыбай-лас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға, мемлекеттік сатып алулардың ашықтығын арттыруға және қоғамның билікке деген сенімін нығайтуға мүмкіндік береді.

**О. БАЙБУКАШЕВ,**
**Жетісу облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің камералдық бақылау бөлімінің басшысы**

ЗАҢ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

# АЛИМЕНТ ТӨЛЕУ – ЖАУАПКЕРШІЛІК БЕЛГІСІ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АЛИМЕНТ – БҰЛ АТА-АНАНЫҢ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН БАЛАСЫН АСЫРАУҒА ЗАҢМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН МІНДЕТІ. ӨКІНІШКЕ ҚАРАЙ, АТА-АНАЛАР АЖЫРАСҚАН НЕМЕСЕ БІРГЕ ТҰРМАЙТЫН ЖАҒДАЙЛАРДА БҰЛ МІНДЕТ ӘРДАЙЫМ ӨЗ ЕРКІМЕН ОРЫНДАЛА БЕРМЕЙДІ. ОСЫНДАЙ КЕЗДЕ СОТ ШЕШІМІ НЕГІЗІНДЕ АЛИМЕНТ ӨНДІРУ ІСІ ЖЕКЕ СОТ ОРЫНДАУШЫСЫНЫҢ (ЖСО) ҚҰЗЫРЕТІНЕ БЕРІЛЕДІ.**

Көпшілік азаматтар алимент тек сот шешімі шыққаннан кейін ғана төленеді деп ойлайды. Негізінде, ең алдымен, ата-аналар нотариалды келісім арқылы да алимент мөлшерін өзара белгілеп, заңды күшке ие құжат жасай алады. Ондай келісім болмаған жағдайда талапкер сотқа жүгінеді. Сот алиментті әдетте борышкердің табысы-на үлестік мөлшерде белгілейді: бір балаға – табысының 1/4 бөлігі, екі балаға – 1/3 бөлігі, үш және одан да көп балаға – 1/2 бөлігі. Ал тұрақты табысы жоқ тұлғаларға алимент айлық есептік көрсеткішке (АЕК) немесе ең төменгі жалақыға байланысты белгіленуі мүмкін.

Сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін атқарушылық құжат жеке сот орындаушы-сына беріледі. Осы сәттен бастап алимент өндіру бойынша атқарушылық іс жүргізу қозғалады. ЖСО ең алдымен борышкердің жұмыс орнын, табыс көздерін, банк шот-тарын, жылжымалы және жылжымайтын мүлкін анықтайды. Егер борышкер ресми түрде жұмыс істесе қаулы жұмыс берушіге жолданып, алимент оның жалақысынан тікелей ұсталып отырады.

Алайда тәжірибеде борышкерлердің бір бөлігі табысын жасырады, ресми жұмыс істемейді немесе төлемнен жалтарады. Мұндай жағдайда заң жеке сот орындау-шысына бірқатар мәжбүрлеу шараларын қолдануға мүмкіндік береді. Атап айтқанда: банк шоттарына тыйым салу, мүлікке тый-ым салу, авто көлігін тіркеу әрекеттерін шектеу, елден шығуға уақытша шектеу қою, жүргізуші куәлігінің қолданылуын тоқтата тұру. Егер алимент бойынша берешек үш айдан асса, әкімшілік жауапкершілік, ал ұзақ уақыт бойы төлемеген жағдайда қылмыстық жауапкершілікке дейін қарастырылады.

Кейбір ата-аналар «жұмыссызбын» деп алимент төлемеуге болады деп ойлайды. Бұл – қате түсінік. Қазақстан заңнамасына сәйкес, жұмыссыздық алимент төлемеу үшін негіз болып саналмайды. Борышкер ресми табыс таппаса да, алимент берешегі жинала береді және кейін толық өндіріліп алынады. Тіпті мүлікті сату арқылы да қарыз өтелуі мүмкін.

Жеке сот орындаушысының басты мақсаты – тек жазалау емес, баланың құқығын қорғау. Алимент – бұрынғы жұбайға төленетін қаражат емес, ол ең алдымен баланың тамағы, киімі, білімі мен денсаулығына арналған қаржы. Сондықтан ата-аналарға сотқа жеткізбей, өзара келісіммен төлеуді ұсынамыз. Уақтылы төленген алимент – баланың таршылық көрмей өсуінің кепілі және ата-аналық жауапкершіліктің көрсеткіші.

Қорытындылай келе, алимент бойынша атқарушылық іс жүргізу – бұл жай ғана заң талабы емес, баланың болашағына тікелей әсер ететін әлеуметтік маңызы бар процесс. Әрбір ата-ана өз міндетін түсініп, баланың құқығын бірінші орынға қойғаны дұрыс.

**Гүлдана МҰРАТБЕКОВА,**
**Жетісу облысы бойынша жеке сот орындаушы**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АСЫЛ ҚАЗЫНА

# ТІЛГЕ ТИЯНАҚТЫ ҚАМҚОРЛЫҚ КӨРСЕТІЛУДЕ

Біздің елімізде мемлекеттік тілдің мәртебесін асырып, қолданыс аясын кеңейтуге байланысты тиянақты қамқорлық көрсетілуде. Соның арқасында бүгінгі таңда мемлекеттік тілдің қолданыс аясы барынша кеңейе түсуде. Әрине, кездесіп қалатын «әттегенайлар» да жоқ емес екені белгілі. Дегенмен, сол олқылықтардың орнын толтыру үшін әркім өз үлесін қосса, асыл қазынамыздың мәртебесін биіктете түсер едік.

Қазіргі кезде мемлекеттік қызметте барлық шығыс құжаттары мен мемлекеттік мекемелермен хат алмасу мемлекеттік тілде жүзеге асырылады. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейтіп, мәртебесін арттыру жолында мемлекеттік қызметте ауқымды жұмыстар атқарылып жатқанынына куә болып келеміз. Ең бастысы қазіргі кезде барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдарда іс қағаздары негізінен мемлекеттік тілде жүргізілуге көшкен. Ал, қажет болған жағдайларда хат хабарларға ресми тілдерде жауап беріліп жатады. Және де барлық көрнекі үгіт насихат мүйістері де қазақ тілінде безендіріліп қойылған. Осының өзі келушілерді мемлекеттік тілде қарым қатынас жасауға мұрындық болып, тілге деген ықыластарын оятатыны да ғажап емес. Оның үстіне, мемлекеттік қызметкердің келген адамның талап тілегін мұқият тыңдап, оған сауатты түрде қазақшалап түсінік беруінің өзі де қарапайым халықтың істің мән жайына жете түсініп, көңілі толып қайтатыны да даусыз.

Сондықтан бүгінгі таңда мемлекттік қызметшіге қойылып отырған лауазымдық талаптар күшейді. Соның арқасында мұндай жауапты қызметтерге кездейсоқ өтіп кететін жағдайларға тосқауыл қойылды. Тіптен, қазір мемлекеттік қызметші деген абыройлы міндетті мемлекттік тілді меңгерген өзге ұлттың өкілдері де мүлтіксіз атқарып жүргенін көріп жүрміз. Ендеше, мемлекеттік тіліміздің өрісін кеңейтіп, тасын өрге домалату әрқайсымыздың өз қолымызда. Халық арасында мынадай бір тәмсіл бар: «Тілді таяқтың күшімен үйрету мүмкін емес, тілді тек өз ынта ықыласыңмен қолға алсаң ғана үйренесің». Демек, тілді үйрену, мемлекеттік тілде сөйлеу тек қана өзіңнің ниетіңе және құлқыңа байланысты. Орыс мектебін бітірген қыз-жігіттер қазақша сөйлегенде, кейбір сөздерді дұрыс қолданбаса жанындағылары тәлкек қылады, сосын ол екінші қайтара қазақша сөйлеуден беті қайтып қалады. Мұндай жағдайда, оны тәлкек қылғанның орнына талабына риза болып, дұрыс нұсқасын айтып, тәп тәуір сөйлейді екенсің деп, рухтандырып қою керек қой. «Көш жүре түзеледі» дегендей әрі қарай бірте-бірте сөйлеуге төселіп кетеді емес пе?

**Айзада БЕККАЛИ,**
**Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы.**

ГЕНДЕР

# ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕРДІҢ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ АРТА ТҮСУДЕ

Дереккөздерге жүгінер болсақ, гендерлік саясаттың даму тарихының шығуы XIX ғасырда басталды деп есептеуге болады. Батыс Еуропа және АҚШ елдерінде екі жыныстылардың теңдігі туралы феминистік қозғалыс пайда болып, оның негізгі бағыты – әйелдердің сайлау құқығы туралы күрес болыпты. XX ғ. 60-шы жылдары жаңа гендер ұғымы пайда болды. Ғылымда осы кезде «гендер» ұғымына анықтама беріле бастаған екен. Жалпақ тілмен айтқанда, гендер – бұл ерлер мен әйелдердің мінез-құлқын, сондай-ақ олардың арасындағы әлеуметтік өзара қарым-қатынасты айқындайтын, олардың әлеуметтік және мәдени нормаларымен рөлдерінің жиынтығы.

Қазақстан Республикасындағы гендерлік саясаттың негізгі принциптері ерлер мен әйелдер үшін Қазақстан Республикасы Конституциясымен кепілдендірілген тең құқықты және бостандықты орнату арқылы паш етілген. Жалпы ұлттық гендерлік саясаттың негізі қаланып, жұмыс істеп келе жатқанына ширек ғасырдан асыпты.

Қазақ қоғамында қыз-келіншектердің алатын орны қашанда ерекше. Бала тәрбиесі, үй шаруасы және заман талабына сай қоғамдық қызмет. Соның ішінде нәзік жандылардың мемлекеттік қызметтегі үлес салмағы мен көшбасшылық мүмкіндіктерін арттыру - демократия үрдістеріне құрылған елімізде күннің басты мәселесіне айналды. «AMANAT» партиясының атқарып жатқан мына бір игілікті ісі соның бірі болып табылады. Елімізде қоғамдағы әйелдердің рөлін арттыру – «AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасына енген міндеттердің бірі екені де аса маңызды. Партия гендерлік теңдік қағидатын қолдай отырып, 2022 жылдан бастап Қазақстанда әйелдердің саяси көшбасшылығын дамытуға бағытталған «Томирис» жобасын іске асыруда. «AMANAT» партиясы жанындағы әйелдер қанатының мақсаты – гендерлік теңдік қағидаттарын ілгерілету, қазақстандық әйелдерді еліміздің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени өміріне тарту, сондай-ақ олардың күш-жігері мен бастамаларын бір арнаға біріктіру.

Сайып келгенде, бүгінгі таңда қыз-келіншектердің қоғамдағы орнын күшейту мақсатында, олардың биліктегі қызметтерге орналасып, белсенді рөл атқаруына бағытталған пәрменді шаралар ұдайы іске асырылып келеді. Соның арқасында әйелдердің қоғамдағы рөлі артып, кез келген салада еңбек ету үдерісі де жоғарылай түсуде.

**Әділет ДӘУЛЕТҰЛЫ,**
**Талдықорған қалалық сотының жетекші маманы.**

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ

# КӨП БОЛЫП ҚОЛҒА АЛСАҚ...

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдары «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуде. Бұл заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қатерлерден тиісті қамтамасыз етуді көздейді.

Дегенмен, бұл әлеуметтік кеселді түп тамырымен жою оңай еместігін де өмірдің өзі алға тартып отыр. Бұл індеттің түбіріне балта шабу үшін көп болып күрессе ғана игі нәтижесін беруі мүмкін. Бұған әлемдегі осы кеселді жойған елдерді мысалға алуға да болады. Дереккөздерге сүйенсек, әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресті жеңген, індетті ауыздықтауда іргелі нәтижелерге жеткен елдер қатарында Сингапур, Норвегия, Швеция, Швейцария сияқты мемлекеттер бар екен. Осы дамыған елдердің тәжірибесін зерттеп, талдап, сараптаған ғалымдар мен мамандар жемқорлықты тек жазаны қатаңдату арқылы жеңудің мүмкін еместігін алға тартып отыр.

Егер саралай келсек, аталған өркениетті елдер мемлекеттік қызметтердің барлығынан адами процесті азайтып, қызметтерді мейлінше қашықтан көрсетуге басымдық берген екен. Ашықтыққа, жариялық пен қолжетімділікке мән берген. Демек, көрсетілетін қызмет ашық болса, заң түсінікті болса, жасайтын қадамдар анық дәйектелсе, кезек жойылып, қосымша ақпараттар мен анықтамаларды алу қиындық тудырмаса, азаматтардың да бармақ басты, көз қысты әрекеттерге барып, таныс іздеп, мәселені сыбайластықпен реттеуге қадам жасамайтыны да айдан анық.

Осыған байланысты, қазір біздегі мемлекеттік қызметтердің айтарлықтай көп бөлігі электрондық форматқа ауысты. Сот қызметінде де осындай алға жылжу бар. Тек «Сот кабинеті» бірыңғай сервисінің өзі сотқа шағым беру, сұраныс жолдау, құжаттарды алу жұмыстарын жеңіл, оңтайлы, қолжетімді етті. Бүгінде мұндай қызметтер үшін арнайы сот ғимаратына келудің қажеттілігі жоқ. Тіпті, жаңа технология сот процестерін де қашықтан өткізуге мүмкіндік туғызғанын мақтанышпен айтуға болады. Ал экранның ар жағына тұрған тараптар сотпен ешқандай байланыс жасамайды, соған орай сот пен судьяларға қатысты сын, ескертпе, күмән да азаяды. Міне, осындай пәрменді шаралар қабылдау арқылы сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл қоюға мол мүмкіндік туатынын тәжірибе көрсетіп отыр.

**Жанар МҰХАТАЕВА,**
**Текелі қалалық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы.**

ӘЛЕУМЕТТІК ДЕРТ

# ЖҰРТШЫЛЫҚҚА ЖЕТЕ ТҮСІНДІРУ КЕРЕК

Сыбайлас жемқорлық тек қана Қазақстанды ғана емес, әлемнің басқа да елдерін толғантқан мәселелердің бірі. Үлкен әлеуметтік кесел болып табылатын ол, саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық.

Осы зұлымдықпен ымырасыз күресу Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі болып табылады. Әлеуметтік кеселдің алдын алу, қоғамда орын алуына мүмкіндік туғызбау үшін барлық мекеме – ұйымдар, ұжымдар, қоғамдық ұйымдар, барлық азамат іске немқұрайлы қарамауы керек. Жең ұшынан жалғасқан жемқорлықпен күреске барша жұрт атсалысқанда ғана нәтижелі болатынын өмірдің өзі алға тартып отыр.

Мына бір мәселеге де мән берген жөн. Сыбайлас жемқорлық ұғымымен жалғыз пара алуды ғана баламалауға болмайды, өйткені, бұл қылмыстың осы түрінің көп көріністерінің бірі ғана. Қоғамымызда әлі болса жемқорлықтың орын алуы, еліміздің экономикалық дамуы мен оның өркендеуіне кері әсерін тигізетіні баршамызға белгілі. Осыған байланысты тек құқық қорғау органдары ғана емес, барлық мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар, бүкіл әлеумет, әр азамат оған қарсы тұруға шешім қабылдауы керек, сонда ғана жемқорлыққа жол берілмесі анық.

Бүгінгі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар жүйелі түрде қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейін тереңдету мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет.

**Сәтжан СЕЙІТКЕРІМ,**
**Көксу аудандық сотының аға сот приставы.**

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ҚУАН ҚАЗАҚ ЕЛІ!

# ШАЙДОРОВ ОЛИМПИАДА ШЫҢЫНА ШЫҚТЫ

**Мәнерлеп сырғанаудан Қазақстан ерлер құрамасының көшбасшысы Михаил Шайдоров Италияда өтіп жатқан 2026 жылғы Олимпиада ойындарының алтын жүлдегері атанды, деп хабарлайды Zakon.kz.**



Қысқа бағдарлама қорытындысында Шайдоров 92,94 ұпай жинап, бесінші орында тұрды. Ал еркін бағдарламада қазақстандық спортшы төрешілердің шешімімен 198,64 ұпай жинап, жалпы есепте 291,58 ұпайға қол жеткізді. Бұл бағдарламада ол бес бірдей төрттік секіруді сәтті орындады.

Осы нәтижесінің арқасында Михаил Шайдоров жеңіс тұғырының биігіне көтеріліп, Олимпиаданың алтын медалін жеңіп алып, айды аспаға бірақ шығарды. Екінші орынды жапониялық Юма Кагияма иеленді – 280,06 ұпай. Тағы бір жапон спортшысы Шун Сато үздік үштікті түйіндеді – 274.90 ұпай.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қысқы Олимпиада чемпионы атанған қазақстандық атлет Михаил Шайдоровты "Барыс" орденімен марапаттау туралы шешім қабылдады, деп хабарлайды KAZ.NUR.KZ президенттің баспасөз хатшысы Айбек Смадиярдың Telegram-дағы арнасына сілтеме жасап.

"Қасым-Жомарт Тоқаев Михаил Шайдоровты II дәрежелі "Барыс" орденімен марапаттау туралы шешім қабылдады. Сондай-ақ жаттықтырушыларға, тиісті министрлікке атқарған жұмысы үшін ризашылық білдірді.

Президент Олимпиада чемпионына толайым табыс пен жеңіс тіледі", - делінген Айбек Смадиярдың желідегі жазбасында.

Еске сала кетейік, Италиядағы XXV қысқы Олимпиада ойындарында мәнерлеп сырғанаудан ерлер арасында жүлдегерлер анықталды. Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Михаил Шайдоров өзінің еркін бағдарламасында рекордтық 198.64 ұпай жинап, алтын медальді жеңіп алды.

Жарыс барысында Михаил Шайдоров бірінші мәрте 5 рет төрттік секіру элементін сәтті орындай алды.

Осылайша ел тарихында алғаш рет қысқы Олимпиада ойындарында бір спорт түрінен екі жүлде бұйырды. Бұған дейін мәнерлеп сырғанаудан 2014 жылы Сочи Олимпиадасында Денис Тен қола жүлде алған болатын.

Айта кетейік, Қазақстан атынан Ақ Олимпиаданың тұңғыш алтын жүлдесін сонау 1994 жылы Лиллехаммер Олимпиадасында шаңғышы Владимир Смирнов алған еді.

БӘРЕКЕЛДІ!

# ЖЕТІСУЛЫҚТАРДЫҢ ЖОҒАРЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Жетісу облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы баспасөз қызметінің хабарлауынша, ақпан айында елімізде спорттың бірнеше түрінен ел біріншілігі өтіп, оған Жетісу облысының спортшылары да белсене қатысып, жоғары жетістіктерге жеткен екен. Енді сол жайдарман жаңалықтарды назарларыңызға ұсынамыз.









**Ауыр атлетика**

9–17 ақпан аралығында Шымкент қаласында ауыр атлетикадан 23 жасқа дейінгі жастар арасында жеке-командалық Қазақстан Республикасының чемпионаты (жекелеген жаттығулар бойынша) өтті. Аталған додада біздің спортшылар жоғары деңгейде өнер көрсетіп, тамаша нәтижелерге қол жеткізді.

Ең жеңіл салмақта, яғни, 48 келі салмақта сынға түскен қараталдық қыз жақсы өнер көрсетті. Виктория Сакардина қос сайыс қорытындысы бойынша күміс жүлдегер атанса, оның командалас құрбысы Анастасия Адищева жұлқа көтеру жаттығуы бойынша 77 келі салмақта қола медальды қанжығалады. Регина Некифорова (63 кг дейін) – жұлқа көтеруде, серпе көтеруде де және қос сайыс қорытындысы бойынша күміс медальды еншіледі.Снежана Қашқарова (53 кг дейін) – жұлқа көтеру, серпе көтеру және қос сайыста алдына жан салмай чемпион атанды. Маргарита Ерамакова (69 кг дейін) – жұлқа көтеруде қола медаль, серпе көтеруде күміс медальға ие болып, қос сайыста екінші жүлделі орынға көтерілді. Нақ осы салмақ дәрежесінде тағы бір қызымыз Қаратал ауданынан Валерия Иванова қола жүлдегер атанды. София Шешукова (86 кг дейін) – жұлқа көтеруде екінші орын алса, серпе көтеруде алтын медальдан алқа тағып, қос сайыс қорытындысында ел чемпионы атанды. Данил Бетехтин (110 кг дейін) – жұлқа көтеруде қола медаль, серпе көтеруде күміс медальға қол жеткізіп, қос сайыста жеңіс тұғырының екінші сатысына орнықты. Сағымбек Самарқан (110+ кг) – екі кіші күміс медальды еншілеп, қос сайысты үлкен күміс медальмен қорытындылады. Сонымен қатар, Караваев Александр (110 кг дейін) Қазақстан Республикасының Спорт шебері нормативін орындады. Жалпыкомандалық есепте Жетісу облысының құрамасы әйелдер арасында жеңімпаз атанса, ал ерлер арасында жігіттеріміз екінші орынды иеленді.

**Джиу-джитсу**

Астана қаласында өткен джиу-джитсудан «EURASIAN JIU JITSU CUP» халықаралық турнирге еліміздің барлық облыстарынан, сондай-ақ Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан және Ресей, Бразилия, Қырғызстан, Өзбекстан мемлекеттерінен екі мыңнан астам спортшы қатысты.

Осы байрақты бәсекеде жетісулықтар жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Айта кетсек, файтинг бөлімі бойынша Совет Ернұр, Мұхтаров Ерзат, Алпысбек Алинұр, Биғабылова Нұрай және Мұхан Айзере алтыннан алқа тақса, Бақытұлы Бекхан, Әбілхан Алинұр күміс медальды, ал Әшім Мейірлан қола медальды қоржынға салды.

Сонымен қатар, жекпе жектің не-ваза бөлімі бойынша Мұхан Айзере, Алпысбек Алинұр және Турсынғали Раян жеңіс тұғырының екінші сатысына көтерілсе, Әбілхан Алинұр, Оразғали Әбілмансұр және Оразғали Әлімжан қола медальды қанжығалады.




**Пара дзюдо**

2026 жылдың 16–18 ақпан күндері аралығында Қостанай қаласында пара дзюдодан Қазақстан Республикасының чемпионаты жоғары деңгейде өтті. Ел намысын арқалаған балуандар бас қосқан байрақты бәсекеге еліміздің 14 өңірінен 100-ден астам спортшы қатысып, татами үстінде шынайы шеберлік пен қайсарлықтың үлгісін көрсетті.

Жарыс қорытындысы бойынша Жетісу облысының спортшылары тамаша нәтиже көрсетіп, өңір мерейін асқақтатты. Солардың арасында Ерлан Арай мен Мұтәліп Айдын барлық белдесулерінде жеңіске жетіп, ел чемпионы атанды. Қиындыққа мойымай, жігер мен табандылықтың арқасында жеңіске жеткен спортшыларымыз ел сенімін ақтап, нағыз рухтың мықтылығын дәлелдеді.

**Пара садақ ату**

2026 жылдың 10–16 ақпан күндері аралығында Шымкент қаласында пара садақ атудан Қазақстан Республикасының жабық ғимараттағы чемпионаты жоғары деңгейде өтті.

Еліміздің 7 өңірінен келген 70-ке жуық спортшы мергендік пен шеберліктің үлгісін көрсетіп, өзара мықтыны анықтады.

Жарыс қорытындысы бойынша Жетісу облысының спортшылары тамаша нәтиже көрсетіп, қоржынға 7 алтын, 10 күміс, 8 қола медаль салды.

**Ш. ХАМИТОВ.**

ҚАРАТАЛ АУДАНЫ

# ОҚУШЫЛАРЫМЫЗ ОЛЖАЛЫ ОРАЛДЫ








Ескелді ауданының орталығы Қарабұлақ ауылында 2011-12 жылдары туған жасөспірімдер арасында дзюдодан өткен Жетісу облысының чемпионатында Қаратал ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің түлектері жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Атап айтсақ, білікті бапкер Мұратхан Сиязұлы Бейсеновтың үш шәкірті жүлделі орындарға табан тіреді. А.Мұқанова (52 кг) және А.Жомартұлы (66 кг) барлық қарсыластарын қапы қалдырып, облыс чемпионы атанса, А.Сейілхан 73 келіден жоғары салмақта күміс медальды қоржынға салды. Сонымен қатар, жаттықтырушы Сайынов Юсупжан баулыған шәкірті Ш.Хамидов (73 кг) салмақта топжарды. Ал, білікті бапкер Іляс Смағұловтың жаттықтырған Ш.Нұрғасым және М.Құдайберген 40 кг салмақта сынға түсіп, қола медальға ие болды.

Жетісу облысының тоғызқұмалақтан 15,17 жас арасында жекелей чемпионатында Қаратал ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің оқушылары тамаша табысқа жетіп, тоғызқұмалақтан классика түрінен, блиц түрінен жас ерекшеліктеріне қарай 22 медаль еншіледі. Толығырақ тоқтала кетсек, Айхан Мурзахан бір алтын, бір күміс медаль, Алихан Қабдұл бір алтын, екі күміс медаль, Алихан Нұртәліп бір алтын, бір қола медаль, Айару Аубакирова бір алтын, бір медаль, Әмина Нұрғазина бір алтын, бір күміс медаль, Іңкәр Советбай бір алтын, бір күміс медальды мойындарына ілді. Сонымен қоса, Әнел Жақсылықбай жеңімпаз атанса, Ұлағат Советбай үш күміс медаль, Айару Байдүйсен бір күміс, бір қола медаль қоржынға салды. Ал, Алуа Тұрлыбекова екінші орынға, ал Ернұр Нұрлыбек пен Адель Қалымжанқызы үшінші жүлделі орынға ие болды.

Шымкент қаласында өткен ауыр атлетикадан 23 жасқа дейінгі жастар арасында жеке-командалық Қазақстан Республикасының чемпионатынан (жекелеген жаттығулар бойынша) біздің мектептің зілтемірші қыздары олжалы оралды. Жарысқа қатысқан бес спортшымыздың үшеуі жүлделі орынға көтерілді. Атап айтқанда, қос сайыс қорытындысында Виктория Сакардина 48 келі салмақта күміс жүлдегер атанса, оның құрбысы Валерия Иванова 69 келі салмақта екі жаттығудың қорытындысы бойынша үлкен қола медальды жеңіп алды. Ал, Анастасия Адищева 77 келі салмақта серпе көтеруден кіші қола қола медальды қоржынға салды. Бұларды білікті де білімді бапкерлер Дмитрий Ольховский мен Ерлан Карчалов осы спорттың қыры мен сырына баулуда.

**Жайық ТОХАҒҰЛОВ,**
**«Қаратал ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» КММ-нің әдіскері.**

Осы спорт ақпараттары Жетісу облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы баспасөз қызметінің мәліметтері бойынша дайындалды.

Бетті дайындаған Ш. ХАМИТОВ

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70. Факс: 41-09-29.
E-mail: alatau.offset@mail. ru, www. alatau. kz@mail. ru

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

# КӨКТЕМГІ ӘЛСІЗДІКТІ ҚАЛАЙ ЖЕҢУГЕ БОЛАДЫ?



**Әдетте бізге көктем мезгілінің басы нашар көңіл-күйді әкеледі. Оған қоса, осы маусым ағзамыз мүмкіндіктерінің шегіне жеткендей болып, жанымыз бен тәніміз бір сырқатқа душар болып жатады. Неге әр көктем сайын осылай болады? Не істеуге болады? Бұның себептері қандай?**

Көктем адам ағзасынан көп күшті алып қоятындықтан, біздің ***иммунды жүйеміз*** жұқарып, дәрумен қорын таусады, ал оларды қалпына келтіру қиын. Міне, әлсіздік пен сырқаттар қайдан келеді. Қыстың суығында үйде көп отыруға тырысып, аз қимылдаймыз, көктем келісімен бірден пайда болатын қимылдардан солғындық пен селқостыққа ұрынамыз. Қар еріп, ауа райы өзгеріп жатқанда, адамдар қан қысымының төмендеуі мен бас ауруларынан зардап шегеді. Оған қоса, күніне сан рет құбылатын ауа райы бар: жаурайсыз, терлейсіз, жел тиеді, суық тигізіп аласыз.

Көктемгі шаршау ***авитаминозға да*** байланысты болады. Көктемде жемістер мен көкөністер құрамындағы барлық пайдалы дәрумендер мен қосылыстар бұзылады, тіпті зияндылары да пайда болады. Сондықтан қыстан қалған алма мен сәбіз авитаминозбен күресе алмайды.

***Буындар мен бұлшық еттеріңізге*** назар аударыңыз! Көктемде буындар сырқырап, ескі жаралар мен созылмалы аурулар сыр бере бастайды. Қанша сақтасаңыз да, суық жел сізге жетпей қоймасы анық. Бұлшық еттер мен буындар көктемде ерекше күтім мен қамқорлықты талап етеді. Дәріханаларға бас сұғып, арнайы майлар мен жылытатын кремдерді және ауруды басатын гельдерді алып қоюға кеңес береміз.

**Көктемгі күйзелісті жеңу жолдары:**

***Дәрумендер***

- Әлісіздік байқалып, көру қабілетіңіз нашарласа, А дәруменін (сәбізде, қызанақта,көк бұршақта),
- жүйкеңіз жұқарып, шашыңызды түсіп, тырнақ сыну байқалса В дәруменін (пиязда, шпинатта, горохта),
- ағзаңызда зат алмасу процесі нашарлап, буындарыңыз сыр беріп жатса, С дәруменін ( картопта, орамжапырақта, салаттарда, бұрышта, редискада ) пайдаланыңыз!

***Дұрыс ұйқы.*** Күніне кем дегенде 8 сағат ұйықтап, түс уақытында мүмкіндік болса, бір мезгіл мызғып алғаныңыз жөн.

Отырған жеріңізде ***шам жағып қойып***, бөлмеңізге қуатты шамдарды қойғаныңыз дұрыс. Әрине, қолдан жасалған жарықтандыру күн сәулесін алмастыра алмайды, бірақ бұлтты күні ең дұрыс шешім осы болмақ.

Гардеробыңызда ***ашық түсті киімдер*** мен аксессуарлар көбірек болсын. Сарғыш түсті көйлек немесе орамал күйзеліспен тамаша күресе алады.

Мандарин немесе басқа да өзіңізге ұнайтын майы қосылған хош иісті ванна қабылдаңыз. Бұл көңіл-күйіңізді көтеріп, сергітеді.

***Көбірек қимылдаңыз.*** Физикалық белсенділік мұндай сәттерде таптырмас көмек болмақ.

Көктемнің жаймашуақ күндері жақындағанда барлық сырқат пен әлсіздіктерді артқа тастап, қыр гүліндей құлпырып, жадырап жүре беріңіз!

**massaget.kz сайтынан алынды**




Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі "АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ

Құрылтайшы: Ырым КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры Бақберген ТУКИБАЕВ

Бас редактор Баян ТАҢАТАРОВА

Редакция алқасы:
Гүлнұр БАЙМҰХАН – редактордың орынбасары
Сембек ӘБДІРАХМАНОВ – Тілші

Кезекші редактор: Г. БАЙМҰХАН

Алатау

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2000
Тапсырыс № 169
Индекс 15534